

СЫН ЕСІМДЕР СӨЗЖАСАМЫ

(Жанпейісов Е., Жаңабекова А.)

Сын есімдердің жасалуы да тілдің сөзжасам жүйесінде қалыптасқан сөзжасамдық тәсілдер арқылы іске асады. Олар: синтетикалық, аналитикалық және лексика-семантикалық тәсілдер. Үш тәсіл арқылы да туынды сын есімдер жасалады. Синтетикалық және аналитикалық тәсіл – сын есім тудырудың өнімді тәсілі, ал лексика-семантикалық тәсіл арқылы жасалған сөздер тілімізде аз кездеседі, сондықтан бұл тәсіл – өнімсіз. Синтетикалық тәсіл – жұрнақты сын есімдерді, аналитикалық тәсіл – күрделі сын есімдерді, лексика-семантикалық тәсіл – адекваттенген сын есімдерді жасайды.

Сын атауы жұрнақтары жалғанатын негіз сөздер өздерінің құрылымы жағынан негізгі түбір (май+лы), туынды түбір (ашпа+лы, қолданба+лы), күрделі (белбеу+лі) немесе тіркесті түбір (ақ шаш+ты, қыр мұрын+ды) болып келеді.

ЖҰРНАҚТЫ СЫН ЕСІМДЕР

-лы/-лі, -ды/-ді, -ты/-ті жұрнағы. Бұл қосымшасының шығу төркіні жайлы да ғылымда түрліше көзқарас бар. Фонетикалық ерекшелігіне қатысты пікірлерді екі топқа бөлуге болады.

1) *-лы/лі* қосымшасы *-лық/лік* аффиксінің құрамындағы “қ” дыбысының түсіп қалуынан пайда болды деген пікір: В.В.Радлов, Б.А.Серебренников, Н.З.Гаджиева, Ф.Г.Исхаков, Н.А.Баскаков, М.А.Хабичев т.б.

2) *-лы/лі* қосымшасы керісінше, *-лық/лік* аффиксінің пайда болуына әсер еткен деген пікір. Г.И.Рамстедт: «От формы с окончанием *-лі*, которая таким образом, обозначает «вместе, с» и употребляется в качестве наречия, образуется при помощи адекватного окончания *-г* – формант прилагательного *-ліг*», – деп тұжырымдайды [Рамстедт Г.И. Введение в алтайское языкознание. – М., Изд-во юст. лит., 1957. – 254 с., 46].

Ал *-лы/лі* қосымшасының сөздік тегін анықтау жайлы айтылған пікірлер азғантай. А.Н.Кононов *-лы/лі* аффиксінің «іл» етістігінен шыққан деген В.Бангтың пікірін келтіреді. А.Әбдрахманов *-лы/лі* аффиксі “оғлы” сөзінен қалыптасқан деп көрсетеді (оғлан–оғұл–ұлы-лы).

Көп зерттеушілер В.Бангтың ілу, жапсыру мәнін беретін «іл» сөзінен шыққан деген пікірін қолдайды. Өйткені, *-лы/лі* қосымшасының бойында иелік (тиесілік), барлық, молдық мағыналар бар.

Түркологияда сөзжасамдық бұл жұрнақты көпшілік ғалымдар *-лық* аффиксімен тектестіреді. Яғни көне жазба ескерткіштердегі *-лыз, -лиз, -луз, -луз* аффикстерін қазіргі түркі тіліндегі *-лы, -ли, -лу, -лу* жұрнақтарының варианты деп қарайды. Олардағы бұл *-лы, -ли, -лу, -лу, -ды, -ты* жұрнақтары көне жазба ескерткіштерде жалпы қолданылмайды. Ал бұлардың ескі *-лыз, -лиз, -луз, -луз* формалары осы күнгі түркі тілдерінің кейбірінде қазір де ұшырасады.

Сөзжасамдық *-лы* және *-лық* форманттары түркі тілдерінде кейде бірінің орнына бірі қолданылады, яғни семантикалық жақтан өзара сәйкестікте жұмсалады. Бірақ жүйелі түрде емес, ара-тұра. Мына бір деректер мысалы соған дәлел: аз. *азэрбајчанлы* - азербайджанец, *африкалы* - африканец, *гафгазлы* - кавказец, *дағлы* - горец, көјрәли житель города *Көјрә*, тат. *америкалы* - американец, *дагстанлы* - дагестанец, *мәскәуле* - москвич, *украинлы* - украинец, *литвалы* - литовец, *икеле* - двойка, *туғызлы* - девятка, *бишле* - пятилинейный (о лампе), *онлы* - десятилинейный (о лампе), *жиделе* - семилинейный, қаз. *жетілік* - шишасының түбінің аумағы жеті сантиметр болатын шам, *бестік шам, ондық шам*.

Бестік шам дегендегі *бестік* туылымының және *бесті айғырдай, бесті қымыз* дегендегі *бесті* дериватының арақатынасын да сөз табы тұрғысынан дәл осылай, яғни жоғарыдағы *жиделе* мен *жетілік* туынды сын есімдері тұрғысынан сипаттауға болады.

Сондай-ақ жоғарыда келтірілген *азэрбајчанлы, африкалы, америкалы* туылымдарымен қазақ тіліндегі *ноғайлы* (ноғайлы дәуірінде, ноғайлы әдебиеті), *қанжығалы* (қанжығалы Бөгембай), *жағалбайлы* (жағалбайлы руы) этнонимдері де ұқсас құрылымдар.

Саулы: *Ертістің оң қабағында Семей, солында - Алаш қаласы. Алаш пен Семей арасынан өткенде, Ертіс саулы інгендей талтаяды* (Аймауытов).

- **Саулық:** *Саулық қойдың жасындай жасымыз бар, мына отырған бурыл сақалдар неге тұлға боламыз* (Аймауытов). Houtsma - **saglyk** дойная овца или коза от гл. sag доить. М.Әуезов шығармаларында да, кейбір өзге де өлең үлгілерінде осылай *мұңды/мұңлық* туынды сөзімен қоса, ара-тұра болса да *мұңдық/мұңлық* тұлғасы да қолданылады, яғни сын атауы жұрнағы қызметін *-ды/-лы* да, *-дық/-лық* та атқара алады. Бұл екі формант сын атауы жұрнағы ретінде бірінің орнына бірі жүре береді.

Жалғанда жалған,

Жалғанда

Жесірден мұңлық жан бар ма!(Мақатаев).

Мұңлық сын атауы мұнда “мұңды, шерлі, сорлы” мағыналарын білдіріп тұр. Соңғы (шерлі, сорлы) мәні, әсіресе, оның мына бір үзінділердегі қолданысынан айқын аңғарылады. “*Оң жақта күйеу мұңдық, байлаулы бұзау мұңдық*” - *жеңгесінің қойнында Қартқожа мұңдық* (Аймауытов); *Белуарға шейін оранып, Ақбілек сорлы көп жатты* (Сонда); *Ата, немере, шөбереміз – үш зарлық* (Әуезов).

Демек, бұл қосарлар да (*саулы мен саулық та, мұңды мен мұңдық та, мұңлы мен мұңлық та, зарлы мен зарлық та*) жоғарыдағы *африкалы-африкалық, дағлы-таулық, мәскәулі-мәскеулік* тәрізді қосарлар қатарында сипатталуға тиіс. Сондай-ақ *мұңлы-зарлы* тұлғалары мен *Мұңлық-Зарлық* антропонимдерінің арасында да осындай семантикалық сәйкестік бар.

Өзге түркі тілдеріндегі сияқты, қазақ тіліндегі *-лы/-лі, -ды/-ді, -ты/-ті* формалы туынды сын атаулары да өздерінің білдіретін мағыналары жағынан әрине біркелкі емес. Олардың іштей бір-бірінен кейбір өзгешелеу тұстарын да байқауға болады. Атап айтқанда:

1) Қандай да бір қосымша нәрсе, қосалқы зат түріндегі белгіні білдіретін сын атауларын жасайды: *жағалы* (киім), *жеңді* (шапан), *күмбезді* (үй), *томағалы* (сұңқар), *жабағылы* (қой), *қобылы* (пеш), *қорапты* (арба) т.б. *Жабағылы қойының өзі бестен асатын* (Аймауытов). *Төңірек жағалы киімнің көбін Нұрдықаға тіктіреді* (Әшенев). *Алған заттары бір үйім пішен, төрт жеңді шапан* (Қазақ хандықтары тарихының материалдары). *Ағаш үй, от жаққанда қобылы пеш* (Біржан). *Томағалы сұңқар мен едім* (Махамбет).

2) Адамға не бір нәрсеге тән (тиісті) зат түріндегі қосалқы сындық белгіні білдіретін мұндай жаңа жасалымдар қатарына *тымақты* (қазақ), *ноқталы* (құлын), *бетегелі* (жер), *түймелі* (жең), *қойлы* (ауыл), *текелі* (киік), *қарлы* (тау), *жсалаулы* (*қоңыраулы*) (найза), *топсалы* (үстел), *білтелі* (шам) сияқты туылымдарды да жатқызуға болады.

3) *-Лы, -лі* жұрнақты сын атауларының келесі бір үлкен тобы адамның белгілі жеке бастық қасиетіне, өзіндік кісіліктік сапасына, жалпы өзге де түрлі мінез-құлық ерекшеліктеріне байланысты болып келеді. Олар, ондай сындық дериваттар негізінен мына сияқтылар: *салмақты, тәрбиелі, кәрлі, құнтақты, назды, текті* т.б. *Абай да салмақты сыпайылықпен бас иді* (Әуезов). *Әбіш тәрбиелі ұстамдылық көрсетті* (Сонда). *Өз әкесі... қатал, кәрлі әкесі* (Сонда). *Өңшең әнші, ойнақты топ домбыраларын аспанға көтереді* (Сонда). *Ол намазға да онша құнтақты кісі емес* (Аймауытов). *Ақбілек еркелі, назды, майда үнін созып...* (Сонда). *Текті жігіт тек жүрер* (Мақал). *Мен кескекті ердің сойымын.* (Махамбет).

4) Тіліміздегі түрлі асыл тасты бұйымдарға, әшекейлі сәндік заттарға қатысты туынды сын атаулары өз алдына тағы бір жеке топ құрайды, мысалы, мыналар: *күмісті* погон, *алтынды* кежім, *алтынды* шолпы,

шілтерлі сырға, зерлі орындық, жезді түйме, бөрілі байрақ, күмісті садақ, оқалы кимешек-шаршы, кестелі отау т.б. Күн астында алтынды, күмісті погондары жалт-жұлт етеді (Әуезов). Арғымақ ат бізде бар, Алтынды кежім сізде бар Жаптыртқалы келгемін. (Қамбар батыр). Ықпалы жүрген ер еді, Алтынды қылыш будырған (Кенесары Наурызбай). Зерлі орындық үстінде (Доспамбет). Бөрілі байрақ астында... Бөрілі найза ұстаса... (Сүйінбай). Ақ гимнастеркаға жезді түйме таққан (Әуезов). Бастарында оқалы, кестелі аппақ кимешек-шаршылар (Сонда). Құлақтағы шілтерлі, алтын сырғалары тынымсыз жалтырайды (Сонда). Әмір келіп, Үмітейдің құшағында кестелі отауға кірген (Сонда).

5) Сөзжасамдық бұл *-ды/-ді, -ты/-ті, -лы/лі* форманты арқылы есім негізден қалыптасқан жоғарыдағылар іспетті туынды сын атауларының мына бір тобы тілімізде жалпы халықтық поэтикалық өң, байырғылық сипат алған, көбінесе тұрақты тіркес түріндегі фразеологиялық орамдарда кездеседі. Мысалы: *Арқанды атқа кісенім, Байлаулы атқа пішенім (Бердіқожа). Семіз ат, қомды түйе, құйрықты қой, тіске жұмсақ мұлы палау (Дәниял). Аталы сөзге арсыз таласады (Аймауытов). Алалы сақа менен ақты асыққа таласып бетін жасқа жуған інің (Шәңгерей). “Торқалы той, топырақты өлім” дегенге келгенде... (Әуезов). Биік стол үстіне алалы мақпал жабылыпты (Сонда). Қоғамы күшті ер еді, Киімді бала тудырған (Кенесары Наурызбай).*

6) Жоғарыдағы сияқты құрамда келетін туынды сын атауларының ішінде әдеби тілдік нормаға бұлай үнемі сәйкес келе бермейтіндері де ара-тұра ұшырасады. Жалпы халықтық қолданыс ала қоймаған ондай жекелеген сындық туылымдар көбінесе ақын, жазушылар шығармаларында өзіндік бір стиль ерекшелігі ретінде немесе жергілікті сөйлеу тәжірибесінде (яғни кейбір говорда) кездеседі. Кейбірін олардың, мысалы, мына төмендегі сөйлемдерден көруге болады. *Дәрмен тағы да ұтықты дау бастады (Әуезов). Ірікті тобын Құнанбай қосып жіберді (Сонда). Оразбай түкпірлі тәсіл ойлап қалғандай (Сонда).*

7) Сөзжасамдық *-ды/-ты/-лы* форманты қай түрде де жалпы есім түбірлерге, солардың қатарында әсіресе нақты зат атауларына жиірек жалғанады. *Бізде фабрик-заводтар сияқты ордалы дүкендер болмады (Аймауытов). Қатыгез майдан, қанды жапан (Мақатаев). Дәл осы жолғыдай шаңды шабуылды бұрын көрмеген едік (Әуезов).*

8) Ол туынды сын атауын үнемі бұлай бірыңғай нақты мәнді, деректі зат атауларына, өз алдына дербес, толық мағыналы жеке есім түбірлерге ғана емес, абстракт (дерексіз) мағыналы лексемаларға да жалғанып тудыра алады. *Кәрлі қысқа маңдайы тақ еткенін бір-ақ білді (Аймауытов). Жадымда соғыс кезі, сойқанды кез (Мақатаев). Құлғана бізде селебелі ауру (Қоңыратбаев).*

9) Кейде тіпті модаль сөзге де жалғанып тудыра алады. *Екеуі де Бекболатқа керекті кісі зой* (Аймауытов).

10) Тілімізе, сондай-ақ, негіз есім сөз бен *-лы/-ты/-ды* жұрнағының өзара сөзжасамдық қатынасқа түсу нәтижесінде қалыптасқан сын есімдер де бірталай. Олардың тек тіл білімі саласындағыларының кейбірі мысалы мыналар: *хабарлы сөйлем, сұраулы сөйлем, бұйрықты сөйлем, лепті сөйлем, атаулы сөйлем, жақты сөйлем, күрделі сөйлем, есімді тіркес, етістікті тіркес, тұрақты тіркес, түйдекті тіркес, аморфты тілдер, актуалды мүшелену, ареалды лингвистика, дәстүрлі грамматика, функционалды грамматика, болжалды келер шақ, мақсатты келер шақ, сабақты етістік, шартты рай, дауысты дыбыстар, үнді дауыссыздар, үйірлі мүше, күрделі сөз, қанатты сөз, нүктелі үтір т.б.* Сөзжасамдық *-лы/-ды/-ты* формантының қатысуымен терминдік сипатта пайда болған мұндай есім негізді сын атаулары өзге білім салаларында да осылай көптеп кездеседі. Бұдан *-лы/-ды/-ты* жұрнағының терминжасамдық қызметінің (әлеуетінің) күшті екенін байқаймыз.

-Лы/-ды/-ты жұрнағы тілімізде қатыстық мәнді білдіретін сын есімдер жасап, тек сөзжасамдық, терминжасамдық қызмет атқарып қана қоймайды, сонымен бірге кез келген зат есімге жалғанып, иелік, барлық мәнді сөйлеу бірліктерін де жасайды. Мысалы, *үйлі болу, кітапты болу, көйлекті болу, телефонды болу, сөмкелі адам, қызыл көйлекті қыз* т.б. Мұндай сөйлеу бірліктері туынды сөз, дербес лексикалық единица ретінде танылмайды, сонымен қатар сөздіктер сөзгізбесінде берілмейді, жеке сөз табына (сын есімге) телінбейді. Түркологияда, қазақ тіл білімінде кейінгі зерттеулерде *-лы/-ды/-ты* жұрнағының сөйлеу бірліктерін жасауы оның форма тудырушы қызметі ретінде танылып, соған сәйкес бұл қосымша әрі сөз жасайтын, әрі форма тудыратын функционалды жұрнаққа жатқызылады.

Сын есім тудырушы *-лы/-ды/-ты* жұрнағы туынды сөз жасауда әдетте алдымен қатыстық сын есімдер тудырады. Алайда қатыстық сын есімдердің тілдің даму процесінде сапалық сындар қатарына өтуі заңды құбылыс. Мысалы, жоғарыда мағыналық тобына қарай санамаланып көрсетілген туынды сын есімдер ішінен сапалық сын есімге жиі ауысатыны адамның мінезі мен қасиетіне байланысты атаулар: *салмақты, тәрбиелі, мейірімді, көргенді, білімді.* Қазақ тіл білімінде қатыстық сын есімдер мен сапалық сын есімдерді айырудың бір тәсілі – оларды шырай категориясының жұрнақтарымен түрлендіру. Өйткені шырай тек сапалық сын есімдердің түрлену жүйесі болып табылады. Жоғарыда берілген *-лы/-ды/-ты* тұлғалы *салмақты, тәрбиелі, мейірімді, көргенді, білімді* сөздерін шырай жұрнақтарымен түрлендіруге болады. Мысалы: *салмақты-салмақтылау, салмақтырақ-өте салмақты, тәрбиелі-тәрбиелілеу-*

тәрбиелірек-өте тәрбиелі, мейірімді-мейірімдірек-мейірімділеу, өте мейірімді, көргенді-көргенділеу, көргендірек, өте көргенді, білімді-білімділеу, білімдірек-өте білімді. Мысалдардан көріп отырғанымыздай, бұл сөздер о баста осы заттық ұғымдардың сол адамдарда бар екендігін білдіріп, кейін келе адамдардың қасиетіне айналып, сапалық сын есімдер семантикасын игерген. Алайда сапалық сын есімдер қатарына өткен қатыстық сындардың бойында болатын сынды екінші нәрсеге қатысы арқылы көрсету мәні сақталып қалады. Бұл сияқты сапалық сын есімдердің жасалуын сөзжасамның таза синтетикалық тәсіліне жатқызуға болмайды, бұл сөзжасамдық тәсіл лексика-семантикалық тәсіл (адъективтену) арқылы да жүзеге асады. Өйткені *-лы/лі* формалы сөздердің қайсысы сөз, қайсысы сөздің грамматикалық формасы, яғни сөйлеу бірлігі екенін, олардың мағынасына қарап қана айқындауға болады, өйткені олардың жасалу жолында, яғни формальдық жағында айырма жоқ. Мысалы: *мейірімді – кітапты.*

-лық/-дық/-тық. Бұл қосымша алғашқы грамматикаларда сын есімнің де, зат есімнің де құрамында қарастырылады. Өйткені бұл кезеңде зат есім мен сын есім дербес сөз табы болып бір-бірінен толық ажырамаған болатын. Бір ғалымдар оны тек зат есім тудырушы, енді бір тобы сын есім тудырушы, келесі бір тобы әрі зат есім, әрі сын сөз табының құрамында көрсетеді. Түркологияда Г.В.Архангельский, Н.К.Дмитриев, Н.А.Баскаков, Н.П.Дыренкова, В.Н.Хангелдин, Д.Г.Тумашева, Л.А.Покровская, Б.О.Орузбаева, Э.В.Севортян, Б.А.Серебренников, Н.З.Гаджиева, әзірбайжан, ноғай тілдері грамматикаларында, сондай-ақ барлық қазақ тілі грамматикаларында осы екі сөз табының құрамында бірдей қаралып келеді. Кейбір еңбектерде ол есім тудырушы аффикс ретінде анықталады. Айталық, М.Казем-Бектің еңбегінде, Алтай тілі грамматикасында бұл тұлға есімдерден есім тудырушы формант болып көрсетіледі.

Сөзжасамдық *-лық/-дық/-тық* форманты түркі тілдерінде жалпы өнімді жұрнақ саналады. Түркологияда ол бірде толық мағыналы *іл* етістігінен шыққандығы айтылса, енді бірде “лық толы” дегендегі *лық* лексемасымен тектестіріледі.

Жоғарыда қарастырылған қазақ тіліндегі сын атауын жасайтын *-лы/-ды/-ты* формантына моңғол тіліндегі *-лиг* жұрнағы сәйкеседі. *-лық / -дық/-тық* аффиксі сондай-ақ жоғарыда сөз болған *-лы/-ды/-ты* формантының толық тұрпаты, яғни соңғы *-лы/-ды/-ты* формасы *-лық/-дық/-тық* аффиксінің фонетикалық дамуының нәтижесі ретінде сипатталады. Түркологияда жалпы сөзжасамдық бұл жұрнақтың фонетикалық даму процесінің мынадай негізгі үш сатысы атап көрсетіледі: *-лыг/-лиг* —>*-луу/-люю* —>*-лы/-ли*.

Бірақ түркі тілдеріндегі бұл екі жұрнақ бір-бірінен дамып шыққанмен, өздерінің сөзжасамдық қызметінде олардың әрқайсысының тек өзіне тиесілі ерекше белгілері қалыптасқан. Мысалы *-лық/-дық/-тық* жұрнағы тілімізде сын атауларынан гөрі, зат атауларын жасауда айрықша белсенділік танытады, яғни осы соңғы қызметінде барынша өнімді жұрнақ саналады. Ал *-лы/-ды/-ты* форманты олай емес: бұл тек есім негіздерге жалғанып, бірыңғай сын атауларын ғана түзеді. Біз қарастырғалы отырған *-лық/-дық/-тық* формантының одан ең басты айырмашылығы (әрі артықшылығы): ол көпшілік түрік тілдерінде зат атауларымен қоса, сын атауларын да жасай алады. Рас, сөзжасамдық *-лы/-ды/-ты* жұрнағындай соншалықты жиі емес.

Сөзжасамдық бұл *-лық/-дық/-тық* жұрнағы, жоғарыда талданған *-лы/-ды/-ты* форманты сияқты сын атауларын жасауда үнемі есім негізді сөзге жалғанады.

1) *-лық/-дық/-тық* жұрнағы зат есімдерге жалғанып, олардан әр есім сөздің нақтылы мағынасына қатысты қасиеттерді білдіретін туынды сын есімдер жасайды. Мысалы: *қоғамдық (қызмет), азаматтық (парыз), орталық (комитет), жолдастық (көмек)* т.б.

2) Мезгіл атауларына жалғанып, мезгіл өлшемімен байланысты туынды сын есімдер жасайды. Мысалы: *жылдық (есеп), апталық (жарыс), айлық (жер), түстік (ас), күндік (жер), сағаттық (жол), тәуліктік (жұмыс)* т.б.

3) Мезгіл атауларына жалғанып, соған тән сипатты білдіретін қатыстық сын есімдер жасайды. Мысалы: *көктемдік (ауарайы), жаздық (оқу), күздік (егін), қыстық (киім), ертеңгілік (ас). Отаудың оң жақтағы тұскиіз, шымылдығына шаңырақтан түскен күн сәулесінде көктемдік, жаңа ашық рең бар* (Әуезов).

4) Мекен атауларына жалғанып, мекенге қатысты туынды сын есімдер жасайды. Мысалы: *қалалық (округ), далалық (жер), ауылдық (кеңес)*. Ал кейде елді мекен атауларына жалғанғанда сол елді мекенге қатыстылықты білдіретін сөйлеу бірліктерін жасайды. Мысалы: *алматылық (адам). Алдымен қашқарлық бір құмған әпер* (Бақтыбай ақын).

5) Бұйым атауларына жалғанып, сол затқа арналған өлшем, мөлшер, мағыналарын білдіретін сөз (формаларын) жасайды. Мысалы: *көйлектік (мата), терезелік (әйнек), есіктік (ағаш)* т.б. Алайда тілші-ғалым Ы.Маманов *-лық/лік* жұрнағының мұндай белгілі бір затқа қатысты арнаулық, өлшемдік мағынаны білдіруін туынды сын есімдерге жатқызбай, сөйлеу бірліктері ретінде тану қажет дейді. Ғалымның көрсетуінше, *-лық/-дық/-тық* жұрнағын кез келген зат есімге жалғап, осындай арнаулық, өлшемдік мәндегі сөйлеу бірліктерін жасай беруге болады. Мысалы: *шайлық (су), қолғаптық (жіп), едендік ағаш* т.б. *Екеуі Әбдірені ашып, жаулықтық ақ нәрсені алды* (Аймауытов). Ы.Маманов мұндай формаларды сөйлем ішінде, сөз

тіркестерінде уақытша қолданылатын сөздік формалар (*едендік, үйлік, құрықтық*) деп атайды. Сол сияқты түркітанушы ғалым Н.А.Баскаков *-лық/лік* қосымшасын сөйлемдегі қызметі негізінде бірде субстантив форма, бірде атрибут-анықтауыш форма тудырушы морфема деп қараған. Ы.Маманов Н.А.Баскаковтың пікіріне ұқсас, *-лық/лік* қосымшасының зат есімдерге жалғанып, арнаулық, өлшемдік мағына білдіретін жағдайын (*көйлектік мата, терезелік ағаш* т.б.) зат есімнің атрибут анықтауыш формасы деп атайды. Сондай-ақ *-лық/лік* қосымшасы *-ар/ер* есімше формасынан кейін жалғанғанда (*барарлық, көрерлік, айтарлық*) да арнаулық, өлшемдік мағына үстеп, атрибут анықтауыш форма туғызады.

Сөзжасам қосымшалары арқылы жасалған сөздер, яғни сөзжасамның қайсібір тәсілі арқылы жасалған туынды сөздердің барлығы дербес лексикалық бірлік ретінде сөздік қорға енеді, сөйтіп, түсіндірме сөздіктерде реестр сөздер қатарында беріледі. Сын есімнің *-лық/лік* қосымшасы жалғанып, синтетико-семантикалық тәсіл арқылы жасалған туынды сөздер ғана түсіндірме сөздіктерге енеді, ал оның контекстік туынды формалары (*кітаптық қағаз, көйлектік мата, үйлік ағаш, көрпелік мата, есіктік ағаш*) сөздік сөзтізбесінде берілмейді.

6) Есімдіктерге жалғанып, оларға белгілі бір жаққа қатыстылықты білдіретін туынды сын есімдер жасайды. Мысалы: *мендік (бол), сендік, өздік (есімдік)*. *Өздік* туылымы тіркес құрамында лингвистикалық термин болып қалыптасқан.

7) Абстракт мағыналы дерексіз зат есімдерге жалғанып, қатыстық сын есімдер жасайды. Мысалы: *өмірлік (жар), дүниелік (есеп), әлемдік (тіл білімі)*.

8) Адамның жас кезеңдері мен жынысына, туыстық қатынасқа қатысты атауларға жалғанып, туынды сын есімдер жасайды. Мысалы: *інілік (көмек), ағалық (парыз), құрбылық (сөз), ақсақалдық (жол), аталық (мейірім), аналық (сезім), жігіттік (іс), әйелдік (нәзіктік)* т.б. Мамекең де **“ақсақалдық”** қалпын құрып, *атқа мініп жүреді* (Аймауытов). *Аталық* мейірімі жеңіп кеткенін өзі де байқамай қалды (Сонда). *Бұл жолы Айзада сұлудың әйелдік сезімі керемет болды-ау* (Алшынбаев). **Інілік, құрбылық, достық** сөзінің бәрі біте қайнасып, бірге араласып кеткендей (Әуезов).

9) Тілімізде жоғарыдағылар сияқты *-лы/-ды/-ты* формалы туынды сын атауларының негіздеуші бөлігі кейде сан атаулары болып та келеді. *Даяршы жігіт жетілік* лампыны, ортаға қойды (Аймауытов). *Ол төрттік* жырды төрт ақын болып, іліп қағып айтатын бір дәстүр (Әуезов).

10) *-Лық/-дық/-тық* жұрнағы белгілі бір қызмет, орын, дәреже атауларына жалғанып, соған қатыстылықты білдіретін туынды сын есімдер жасайды. Мысалы: *меңгерушілік (қызмет), докторлық (дәреже), бастықтық*

(орын), оқытушылық (еңбек өтілі), студенттік (өмір) т.б. Қызатын қанын, ашитын жанын басының пайдасына, бастықтық орынға сатқан азамат (Байтұрсынұлы).

-дақ(-дек)/-тақ(-тек) жұрнағы. Бұл жұрнақ қазақ тілінде жалпы өнімді емес. Көбінесе есім негізге жалғанады. Ал етістік түбірмен сөзжасамдық қатынасқа түсуі тым сирек. Осы арада бір көңіл аударатын нәрсе: *-дақ/-тақ* жұрнағы арқылы жасалған сын атаулары өздерінің семантикалық құрылымы жағынан біртұтас емес: олар бірде тіліміздегі сөзжасамдық *-ды* формантының мәніне жуықтау мағына білдірсе, енді бірде *-ғыш* аффиксімен ұғымдас болып келеді. Мына бір үзінділерден мысалы сондай ой туады.

Ұлы тыныштықты бұзып тұрған дыбыс - тастақ жолмен қеле жатқан аттылардың тықыры ғана (Әуезов). *Қасына бес-алты салт атты жүрдек жігіттер ерткен* (Сонда). Соңғы мысалдағы және тілімізде жалпы жиі айтылатын *жүрдек ат, жүрдек поез* тіркестеріндегі *жүрдек* сын атауының білдіретін ұғымы, біздің байқауымызша, “жүргіш, жүрісті, жүрісқой” дегенге көбірек келіңкірейді. Ал, алдыңғы сөйлемдегі *тастақ* дериватының “мағыналық аумағы” *тасты* сын атауының семантикасын түгел “жаба алмайды”. Бұл екеуінің (тасты және тастақ туылымдарының) ұғымдық арақатынасын *шөпті* және *шөптесін* сын атауларының ұғымдық арақатынасымен түсіндіруге болады. Сонымен қатар *тастақ* сөзі қазіргі кезде толық субстантивтеніп, жер атауын білдіреді.

Жоғарыдағы туынды сын атаулары сөзжасамдық *-дақ/-тақ* форманты арқылы зат атауларынан қалыптасқан. Мұндай құрылымды туынды сын атауларының негіздеуіш бөлігі тілімізде сондай-ақ түбір сын атауы болып та келеді, мысалы: *Екі қыз барғамыз. Ажар екеуіміз. Жеңілтек қыз еді* (Аймауытов). *Қаланың көл жақ шетінде тапалтақ ақ шіркеу көрінеді* (Сонда). *Одан соңғы дүрдек ерін, жалпақ мұрын Доға деген жігіт еді* (Сонда).

Сөзжасамдық *-дақ/-дек/-тақ/-тек* форманты біраз ретте дыбыс-еліктеуіштерден жасалған туынды есімдерге жалғанып та жаңа сын атауын жасай алады. *Қарсы қабырғада, бұрышта жалтыраған солқылдақ кровать* (Аймауытов). *Былқылдақ барқыт орындық ... Балташ былқылдақ орнына келіп отырды* (Сонда). *Ұйытқып соққаң, ызылдақ жел* (Сонда). *Молдаиша даңғылдақ Жығылбайдың қызын айттырмаса...* (Мүсірепов).

Бұл мысалдардағы туынды сын атауларының морфологиялық құрылымын былай мүшелеп көрсетуге болады: солқ (дыбыс еліктеуіш) + -ыл (жұрнақ) > солқыл (дериват есім) + -дақ (сөзжасамдық формант) > солқылдақ (туынды сын атауы).

Былқылдақ, ызылдақ, даңғылдақ – бұлар да тілімізде осындай құрылымда қалыптасқан.

-дақ/-дек/-тақ/-тек форманты арқылы жасалған туынды сын есімдер сөйлеу кезінде шырай жұрнақтарымен түрлендіріліп қолданыла береді. Мысалы: *былқылдақтау-былқылдағырақ-өте былқылдақ, ызылдақтау, ызылдағырақ, тым ызылдақ, солқылдақтау-солқылдағырақ, ең солқылдағы.* Демек, бұдан байқайтынымыз, -дақ/-дек/-тақ/-тек форманты арқылы жасалған туынды сын есімдер түпкі мәнінде сол қимыл атауына қатыстық мән болғанмен, сапалық сын есімдердің семантикасын игерген.

Тілімізде сөзжасамдық осы -дақ форманты арқылы пайда болған есім негізді сын атаулары қатарына сондай-ақ *шаңдақ, шардақ, құмдақ* туылымдарын да жатқызуға болады.

-сыз/-сіз. Сөзжасамдық бұл жұрнақтың шығу тегі, тарихи жағы тіл білімінде жалпы түрліше түсіндіріледі. В.Банг оны си «сындыру» етістігі -з – келер шақ болымсыз формасының көрсеткіші дегенді айтады. А.Габен «йук» /жок/ сөзінің мағынасына жақын бұрын дербес болған сөз деп топшылайды. Г.И.Рамтедг гольд тілінде кездесетін көне “сар” сөзіне саяды (сар-сар-туда-сюда). Н.И.Ашмарин оны чуваш тіліндегі *сир* «снимать», «раздвигать» етістігімен байланыстырады. Н.А.Баскаков -сыз/сіз аффиксін есімнен етістік тудырушы *сы-з* аффиксімен байланыстырады (қансыздану-қансырау). Б.Серебренников пен Н.З.Гаджиеваның еңбектерінде бұл қосымша -с және -ыз/із болып бөлшектенеді. -с - жеке тұрып сапаның солғындығын білдіре алатындығы жайлы айтылады (Ал - розовый, алсу - розоватый, зәңгер - синий, зәңгерсу - голубаватый). -ыз/із қосымшалары кішірейту мәнін үстеуші формант болып анықталады. (ел - рука, елжи/ғ/из - ручка). А.М.Хабичевтің пікірінше, -сыз қосымшасының беретін мағынасы “сыққыз” (заставить выжимать) сөзімен байланысты: *сыққыз – сығыз – сыйыз – сыыз – сыз.*

Тілде -сыз/-сіз формантының привативтік (яғни мансұқтық) мәнде, -лы жұрнағына қарама-қарсы мағынада (*мейірімді-мейірімсіз, көңілді-көңілсіз, білімді-білімсіз* т.б.) жұмсалатыны да жиі сөз болады.

Алайда бұл екі қосымша бір сөзге қарсы мәнде бірдей жалғана бермейді. Мысалы, *толассыз* (сағым) сөзіне қарсы мәнді *толасты* деген сөз жоқ. Сол сияқты *тоқтаусыз* бар да, *тоқтаулы* жоқ, *опасыз* бар да, *опалы* жоқ.

Тағы бір көңіл аударатын нәрсе: -сыз/-сіз форманты бір өзінде әрі етістік, әрі есім сипаты бірдей сақталған етістік негізді есіммен, есептік сан есіммен, сын есіммен сөзжасамдық қатынасқа түсе алмайды. -сыз тұлғалы туынды сын атаулары -лы форманты арқылы жасалған сын атауларынан міне осы тұста өзгешеленеді. Мысалы, -лы форманты *жақсылы-жаманды, бірлі-екілі, айтулы* сияқты сөздерде жаңа туылымдар жасаса, -сыз/-сіз форманты тек белгілі бір нақты затты және грамматикалық жақтан таза зат

сипатындағы құбылысты білдіретін есімдерге ғана жалғанып туынды сын есім жасайды.

Тілімізде осы *-сыз* жұрнағы арқылы қалыптасқан туылымдарды негіздеуші түбірлер (негіз формалар) тілдік тегі жағынан әртүрлі болып келеді. Бірақ мұндай жаңа жасалымдар қазақ тілінде көп жағдайда адамға, аң-құсқа, төрт түлікке, киім-кешек түрлеріне, табиғат құбылыстарына қатысты қолданылады. Атап айтқанда:

1) Туынды сын атауларының киімге қатыстылары мысалы, мына сияқтылар: *Қатын-қалаш, қыз-қырқын, түрулі білек, балақсыз балтырлар күнге шағылысты* (Мүсірепов). *Тоғыз түрлі тойшығы **Жеңсіз** берен кисем деп* (Дулат). *Үшінші тілек тілеңіз **Үшкілсіз** көйлек кимеске* (Бұқар).

2) Тілімізде сондай-ақ сөзжасамдық осы *-сыз, -сіз* формантының қатысуымен пайда болған туынды сын атауларының тағы бір парасы әр алуан табиғат құбылыстарына, мал мен кейбір баспана түрлеріне байланысты болып келеді. Жоғарыда келтірілген сындық мәнді туылымдар тобы сияқты, бұлар да әдетте есім негізден жасалады. ***Толассыз** сағым, толықсып ағып барады* (Мақатаев). ***Тойымсыз** біздің томпақ жер Томсарып көкке қарайтын* (Сонда). ***Бұғалықсыз** асауды Құр-құрлатқан жиырма бес* (Базар жырау). ***Туырлықсыз** қара үйге Ту байламақ не керек* (Шалкиіз).

3) Негіздеуші есім сөз бен *-сыз/-сіз* формантының өзара сөзжасамдық қатынасынан пайда болған туынды сын атаулары үнемі бұлай нақты мәнді, деректі мағыналы, яғни заттық мәні айқын аңғарылатын сөздермен ғана атрибуттық қатынаста жұмсала бермейді. Олар кейде дерексіз (абстракт) мағыналы зат атауына да қатысты болып келеді. Мысалы: *Жүрекке дерттер толып жаздым қағаз, **Опасыз** мынау пәни тұрасынан* (Шәңгерей).

4) *-лы, -лі* форманты сияқты *-сыз, -сіз* қосымшасы терминдер де жасай алады. Мысалы: *тұрлаусыз (мүше), жақсыз (сөйлем), дауыссыз (дыбыс) т.б. Сөйлеу құлаққа жағымды болмайды... тұрлаусыз мүшелері көбейіп, сөйлемді ауырлатқанда* (Байтұрсынов).

б) *-сыз/-сіз* форманты зат есім түбірлеріне ғана жалғанбайды, сонымен қатар зат есім түбірлеріне жалғанған форма тудырушы қосымшалардан кейін де жалғана береді. Форма тудырушы жұрнақтардан кейін жалғанғанда туынды сын есім жасамайды, форма тудырушы қызмет атқарады. Мысалы, ***Біреуінсіз** бірі ас ішпейді. Сөйтіп домбыра бүгін де **тартусыз** қалды. Кеңеске **келушілерсіз** көрмені ашпайтын болыпты.* Жалқы есімдерге жалғанып, болымсыздық мәнді форма тудырады. Мысалы, *Оспан **Абайсыз** да ескерген екен* (Әуезов).

Сонымен қатар *-сыз, -сіз* қосымшасы зат есім түбірлеріне жалғанғанда да үнемі туынды сын есім жасай бермейді. Мысалы: *үйсіз, кітапсыз, түймесіз, көйлексіз, баласыз, пердесіз, столсыз,*

дастархансыз, қаламсыз т.б. осы сияқты кез келген зат есімге жалғанып, сөйлеу бірліктерін жасайды. Бұл сөздер мен *мейірімсіз, әдепсіз, сауатсыз, қанағатсыз* т.б. сөздерді бір қатарда бәрін туынды сын есімдер деп айта алмаймыз.

Бұл туралы Ү.Маманов “*тәртіпсіз бала, арсыз жігіт, есепсіз ақша* сөздері мен *Оспансыз, нансыз, сендерсіз* сөздерін сыртқы тұлғаларының бірлігіне қарап, барлығын да туынды сын есім деп қарау дұрыс емес. Бұл сөздерді *зат есімнің жоқтық мағынасын білдіретін атрибут формасы* деп таныған жөн”, – деп тұжырымдайды [Маманов Ү. Қазіргі қазақ тілі. – Алматы, 1973. 89 б., 33].

Сын есім сөз табы жайлы сөз болғанда оның грамматикалық категория құрай алатын түрлену жүйесі – шырай категориясын критерий етіп аламыз. С.Исаев шырай категориясы тек сапалық сын есімдердің ғана түрлену жүйесі деп көрсеткен болатын [Исаев С. Қазіргі қазақ тіліндегі сөздердің грамматикалық сипаты. Алматы: Рауан, 1998. – 303 б., 138]. -*сыз/сіз* қосымшасы қатыстық сын есім тудырушы жұрнақ екендігі белгілі, алайда осы қосымша арқылы жасалған сөздердің бірсыпырасы шырай жұрнақтарын қабылдай алады. Мысалы: *мейірімсіз-мейірімсіздеу-мейірімсізірек-өте мейірімсіз; әдепсіз-әдепсіздеу-әдепсізірек-тым әдепсіз-өте әдепсіз*. Бұл жердегі *мейірімсіз, әдепсіз сөздері* о баста қатыстық мәнді білдіріп, яғни мейірімнің, әдептің жоқтығын үстеген, кейін келе лексикаланып сапалық сынға көшкен. Сондықтан бұл сөздер шырай жұрнақтарын қабылдайды. Ал *пердесіз, қаламсыз* т.б. сөздерін шырай жұрнақтарымен түрлендіре алмаймыз. Мысалы: *пердесіз-пердесіздеу-пердесізірек-өте пердесіз; кітапсыз-кітапсыздау-кітапсызырақ-өте кітапсыз* болып түрленбейді.

-*Сыз/сіз* қосымшасы барлық сөз табына дерлік (зат есім, сын есім, сан есім, есімдік, үстеу, етістік формаларына) түгелдей жалғана алады. Бұл тілдік фактілерден шығатын қорытынды, -*сыз/сіз* тұлғасы сөзжасам қосымшаларына қойылатын ұйтқы сөздерге талғап жалғану шартына сай емес екендігін көрсетеді. Ал бір немесе бірнеше сөз табын қамту форма тудырушы қосымшаларға тән қасиет. Олай болса, -*сыз/сіз* қосымшасының о бастағы негізгі қызметі форма тудыру болған, яғни жоқтық, болымсыздық мағына үстеуші грамматикалық формант болған. Ал осы қосымша жалғанып жасалған сын есім сөздер (*мейірімсіз, тәртіпсіз, көргенсіз, сүйкімсіз* т.б.) немесе үстеулер (*амалсыз, еріксіз* т.б.) сөзжасамның синтетикалық тәсілінің қатысуымен емес, мағына дамуының нәтижесінде, яғни лексика-семантикалық тәсілдің қатысуымен жасалған.

-шы/-ші. Бұл формант та түркі тілдерінде сын есім тудырушы өнімсіз қосымша болып саналады. Қазақ тілінде де солай. Тек есім негізге қосылып,

біреуі ғана сын атауын жасайды. *Үш-ақ түрлі өмір бар, бәрі де мас, Бір рәуишті болады шал менен жас. Ең керекті дегенің - ортанишы өмір, Түгел қолың жетпейтін бір жанталас* (Шәкәрім). *Орта шарқы үйдің ортанишы баласымын* (Аймауытов). Бұл келтірілген мысалдағы *ортанишы* туылымы морфологиялық құрылымы жағынан (бір қарағанда сырттай тұрпаттас көрінгенмен) *үшінші, төртінші* дегендер сияқты *орта+нишы* емес, *ортан+шы* түрінде мүшеленуі тиіс. Өйткені тілімізде оның *ортан* бөлігі дербес лексема ретінде жеке айтылады (*ортан қол, ортан қолдай, ортан жілік*). Ал *үшінші, төртінші* дегендерді бұлай етуге, яғни *үшін+ші, төртін+ші* түрінде мүшелеуге келмейді. Және жоғарыдағы тіпті *ортан* сөзінің өзі де туынды есім, яғни *орта+n>ортан*.

Осы құрылымды, яғни тілімізде түрлі есім негізден сөзжасамдық *-шы/-ші* форманты арқылы қалыптасқан туынды сын атауларына *алдамшы, өткінші* туылымдарын да жатқызуға болады. *Адамдар мейлі алдамшы күнге таңдансын. Сонда да көктем. Сонда да маған армансың* (Мақатаев). *Өткінші жаңбыр өрекіп барып өткенде, Боламын ырза осы бір ырғын көктемге* (Сонда). *Айнымалы, алдамшы бейне сағым, Көкте бұлттай бұлттарғыш кей достарым* (Қасым).

А.Байтұрсынұлының еңбектерінде осы формант арқылы жасалған лингвистикалық терминдер кездеседі. *Оралым екі мүшелі болады. Сондықтан бастапқы тақырыпшы мүше делініп, екіншісі баяншы мүше делініп айтылады* (Байтұрсынов).

-шыл/-шіл. Сөзжасамдық бұл *-шыл* аффиксі мен жоғарыда сөз болған *-шы* жұрнағы арасында генетикалық байланыс бар: бұны түркологтар жалпы жоққа шығармайды. Екеуі және өздерінің семантикасы жөнінен де бір-бірінен сондайлық алшақ емес. Өйткені *-шы/-шіл* жұрнағы да дәйім есім негізге қосылып, мағыналық жақтан үнемі бірыңғай (біркелкі мәнді) туынды сын атауларын жасайды. Және бұл сын атауларының “есім+шы” құрамды сындық ұғым білдіретін туылымдардан айқын бір айырмашылығы сол, олар көбінесе жанды зат атауларына, әсіресе адамға қатысты болып келеді. *-Шыл/-шіл* қосымшасы жалғанып жасалған туынды сын есімдер белгілі бір іс-әрекетке бейімділікті, икемділікті, құмарлықты білдіреді. *Отаршыл орыстың бірінің төбесін көрмейсің* (Мүсірепов). *Ол өзі ісшіл жігіт* (Аймауытов). *Жез қарғылы құба арлан Қорашыл төбет болған күн* (Шалкиіз).

«Есім негізді *+шыл*» құрамды сын атаулары үнемі бұлай тек жанды зат атауларына емес, ара-тұра өзге де түрлі ұғымдармен байланысты сөздерге қатысты болып келеді, мысалы: *Сауықшыл көңлі таяуда тұрған сияқты* (Әуезов). *Өсекшіл жел сыбырлайды алыстан, Сырын ұрлап жастардың да*

табысқан (Мақатаев). Мұндайда бейнелі метафоралар жасап, поэтикалық қолданыстар түзеді.

-мал/-мел. Біраз ғалымдар бұл жұрнақты сөзжасамдық *-ма* аффиксінен дамып шыққан, құранды форма деп қарайды. Ол, көпшілік түркі тілдеріндегі сияқты, қазақ тілінде де жалпы өнімсіз саналады: небәрі екі-үш-ақ етістік негізге жалғанып, туынды сын атауын жасайды. *Бәрі де бала жасынан асыр салған танымал жерлері* (Аймауытов). *Жортып келіп, танымал мекеменің алдына түсе қалды* (Сонда). *Түнемел қымызды аптыға бір-ақ жұтты* (Мұқанов). Қазақ тілінде бұл туылымдармен сындық мағына білдіретін *саумал* жасалымы да құрылымдас. Ортатүркілік бұл *сағмал* туылымы ескерткіштерде қазіргі *саулық қой* тіркесіндегі *саулық* сөзімен мәндеседі, яғни мағыналас болып келеді. Бұл дерекке қарағанда, оның (*саумал* лексемасының) бастапқы көне мағынасы осы күнгі қазақ тіліндегідей жылқы түлігіне емес, қой малына ғана қатысты болғанға ұқсайды. Бұл да, сондай-ақ, жоғарыдағы *түнемел* сын атауы да тілімізде қазір тек қымызға қатысты қолданылады (*түнемел қымыз, саумал қымыз*).

Мұндай құрылымды сын атаулары қатарына және оңтүстік говорындағы *жасамал* туылымын да жатқызуға болады. *Қатты терлеп келе жатып су іше ме жасамал адам* (тіліміздегі мұның әдеби формасы *жасамыс*). Ілгеріде келтірілген туынды сын атауларының бәрінде де сөзжасамдық *-мал* форманты етістік негізге жалғанған. Ал қазақ тілінде тікелей оның қатысуымен есім негізден жасалған бір-ақ қана жаңа жасалым бар; ол - сындық мағына білдіретін *бауырмал* лексемасы. *Адамға тез қабысатын, бауырмал, көшелі кісі* (Әуезов). *Менің жүрегімдей бауырмал жүректері болса...* (Аймауытов).

-малы/-мәлі. Бұл форманттың жалпы күрделі екені, өз алдына дербес екі бөлек, яғни жеке-жеке *-ма* және *-лы* жұрнақтарынан тұратыны сырт тұрпатынан көзге бірден шалынады. Соған қарап тілімізде бұл формант арқылы қалыптасқан туынды сын атауларын *-ма* формалы есім негізге *-лы* аффиксінің қосылуынан жасалған екен деп ойлап қалуға да болады. Бірақ шын мәнінде олай болып шықпайды. Кейбір түркі тілінде бұл сөзжасамдық формант біртұтас күрделі жұрнақ ретінде алып сипатталады. Және оның шын мәнінде солай екеніне мынадай дәлелдер келтіреді. Мысалы, татар тілінде бұл *-малы/-мәле* аффиксімен келетін *киселмәле* сияқты етістік негізді көпшілік сын есімдерден *-ма* тұлғалы есім негізді, яғни олардың *киселмә* тәрізді бөліктерін жеке ажыратып алуға болмайды. Себебі бұларда заттық мән жете айқындалмаған, жетікпеген. Демек, жоғарыдағы *киселмәле* туынды сын атауы *киселмә-ле* түрінде мүшеленбейді. Мүшеленбейтіні, яғни сөзжасамдық бұл *-малы/-мәлі* формантының шынында да өз алдына біртұтас күрделі жұрнақ саналатын себебі: бұл құрылымды туынды сын атауларында

әдетте әлдененің бірдемені иеленуі, әлдененің бірдеңеге тәндігі туралы емес, оның етістік негіздің семантикасына сәйкес туған өзіндік дара ерекшелігі, өзіндік сипатты белгісі айтылады. Қазақ тілінде де солай. Мысалы, татар тіліндегі *сизелмәле* “осязаемый”, *тәленмәле* “рассекаемый” туылымдарының *сизелмә*, *тәленмә* бөлігі сияқты, тіліміздегі *көшпелі*, *жұқпалы*, *айнымалы* туынды сын атаулары *көшпе+лі*, *жұқпа+лы*, *айныма+лы* түрінде мүшелеуге келмейді. Сөзжасамдық бұл *-малы// -мелі* формантының түркі тілдерінде жалпы өз алдына дербес біртұтас жұрнақ саналатыны міне осы себепті. Ол қазақ тілінде де дәл осы тұрғыдан сипатталуға тиіс.

-малы// -мелі - тілімізде өнімді жұрнақ саналады. Ол өзге түркі тілдеріндегі сияқты қазақ тілінде де негізінен етістік негізге жалғанады. Сындық мағына білдіретін мұндай құрылымды жаңа жасалымдар көбінесе жанды зат атауларына, өзге де түрлі тұрмыстық бұйымдарға, сонымен қоса кейде абстракты мағыналы есімдерге қатысты болып келеді. Олардың үнемі бұлай атрибуттық қатынаста жұмсалатынын көрсететін мысалдар тілімізде жалпы жиі ұшырасады. Кейбірі мыналар: *Сән үшін алдыңғы екі аяғына орамалы білезік салыпты* (Әшенев). *Орамалы мылтық қолға алып* (Базар жырау). *Толғамалы ақ сүңгім* (Қобыланды). *Қималы найза өңгеріп* (Махамбет). *Көшпелі қазақңыз зой күрке астында* (Ақмолла). *Желікпелі жел құрсақ қызыл айғыр...* (Аймауытов). *Айнымалы, алдамшы бейне сағым* (Аманжолов).

Сындық мағына білдіретін мұндай құрылымды туылымдар қатарына, сондай-ақ, *суармалы (егін)*, *жұқпалы* (ауру), *өтпелі* (кезең) сияқты тағы біраз жаңа сын атауларын жатқызуға болады.

Қазақ тілінде және сөзжасамдық осы *-малы// -мелі* форманты арқылы етістік негізден пайда болған кейбір терминдік, жекелеген диалектілік, тіпті этнонимдік сипаттағы жасалымдар да кездеседі, мысалы: *ұқсатпалы оралым*, *қорытпалы оралым*, *серіппелі оралым* (Байтұрсынов). *Бір қайла шыбын жанға бола ма деп*, *Жалындым шұбыртпалы Ағыбайға* (Арыстанбек). *Мұның да жасамалы болып қалды* (ҚТДС). Соңғы, *жасамалы* диалектизмі әдеби тілде айтылатын *жасамыс* лексемасымен мәндес. Олардағы *-малы* мен *-мыс* формалары мағыналары жағынан бұл жерде өзара синоним болып табылады.

Лингвистикалық терминдер: *салыстырмалы шырай*, *күшейтпелі шырай*, *асырмалы шырай*, *ауыспалы осы шақ*, *ауыспалы*, *келер шақ*, *ауыспалы өткен шақ*, *хабарламалы синтаксистік тұтастық*, *сипаттамалы күрделі синтаксистік тұтастық*, *қаратпалы оралымды сөйлемдер т.б.*

Қазақ тілінде сөзжасамдық *-малы* форманты кейде күрделі сын атауын да түзе алады. Ол, бұл тұста ара-тұра қосарлану жолымен жасалған күрделі сын атауының екі сыңарының екеуіне де жалғанып келеді, мысалы:

Үйелмелі-сүйелмелі екі қыз екен (Аймауытов). *Ашпалы-жаппалы есік салынған* (Ауызекі).

-ма// -ме. Сөзжасамдық бұл *-ма* форманты түркі тілдерінде *-мақ* жұрнағымен тектестіріледі. Бұған дәлел ретінде татар тіліндегі *сыр+ма* туынды сөзі мен қарақалпақ тіліндегі *сыр+мақ* туылымының бір-ақ түрлі мағына, яғни “телогрейка” дегенді білдіретіні көлденең тартылады.

-ма, -ме тұлғалы туынды сын есімдер зат есім жасауда қандай өнімді болса, сын есімдер тудыруы жағынан да өнімді. Сын есім тудырушы *-ма, -ме* қосымшалы туынды сын есім сөйлемде негізінен анықтауыш қызметін атқарады. *Ойма тазға он теңге, Қырма тазға қырық теңге* (Фольклор). Осындағы *қырма және ойма* туынды сөздері жеке тұрып дербес зат атауы бола алмайды, зат атауы түрінде және айтылмайды.

Етістік негізден сөзжасамдық *-ма// -ме* форманты арқылы жасалған қазақ тілінің өзінің төл сын атаулары жетерлік. Кейбірін нақты мына мысалдардан көруге болады. *Бастама* етік көрпілдек (Шал). *Ояна келсе баяғы жаман тымағы, баяғы бастама мәсісі...* (Аймауытов). *Шоңқайма* кебісінің нәлі тастан тасқа шықылдап ... (Сонда). *Қызыл белбеу, шоңқима* етік, үкі тағып... (Шал). *Ширатпа* шыны күміс қолға түссе (Кете Жүсіп). Келтірілген мысалдардағы байырғы *бастама, шоңқима (шоңқайма), жарма, ширатпа* туынды сын атауларына, сондай-ақ, *бұрама* (түйме), *сырма* (шалбар), *қатпа* (күшік), *оппа* (балшық) сияқты тағы біраз туынды сын атауларын жатқызуға болады. Тілімізде осы құрылымда кейін пайда болған да жасалымдар бар. Кейбірі мыналар: *Мұрнында қыспа көзәйнегі бар* (Аймауытов). *Қайырма жаға көйлегіне галстук тағып қойыпты* (Сонда).

Зат есім тудырушы *-ма, -ме* жұрнағымен сын есім тудырушы *-ма, -ме* жұрнағын ғалымдар омоним қосымша деп көрсетеді. Бұл омоним қосымша контексте кейде адъективтеніп, кейде субстантивтеніп, негізгі сөз табына қатысты қызметін өзгерте алады. Мысалы, *-ма, -ме* қосымшалы зат есімдер (*терме (өлең), түйме (алтын), кеспе (көже), кіріспе (бөлім), көшірме (қағаз)* т.б.) зат есімдермен тіркесіп, анықтауыштық оралым түзеді.

Үзеңгісі үзбе алтын, Тебінгісі терме алтын, Құйысқаны құйма алтын, Жүгені бар түйме алтын Қу найзалы жирен тай (Бақсы сарыны). Осындағы *үзбе, терме, құйма* жасалымдары сөз табы ретіндегі қолданымдық қызметі жөнінен *абсолютті* бірдей емес. Нақтырақ айтсақ, *үзбе* туылымы қалған *терме, құйма, түйме* есімдерінен басқарак: *үзбе* тілімізде зат есім ретінде жеке қолданылмайды, зат атауында онда дербестік жоқ. Ал *терме алтын, құйма алтын, түйме алтын* тіркестеріндегі *терме, құйма, түйме* лексемалары бұған керісінше зат атауы ретінде қолданыла да, айтыла да береді. Яғни бұлар *үзбе* есіміне қарағанда субстантивтену дәрежесі жағынан әлдеқайда жоғары. Бұл тұрғыдан оны “Айна тазға алты теңге” дегендегі *айна*

сөзі қатарында алып сипаттауға болады, яғни *айна* лексемасы сияқты, *терме алтын, құйма алтын, түйме алтын* құрылымдарындағы *терме, құйма, түйме* туылымдары да жалпы сын атауы емес, атрибутивтік мағынада жұмсалған таза зат атауы болып табылады. Демек, *-ма, -ме* қосымшасы жалғанып жасалған туынды зат есімдер сөйлеу процесінде екінші бір зат есіммен қабыса байланысып, анықтауыштық оралымдар да жасайды. Бұл талдаулар “етістік негіз + *-ма// -ме*” типті сөзжасамдық үлгілер (“словообразовательные модели”) тілімізде үнемі сын атауы бола бермейтінін көрсетеді.

Қазақ тілінде бұлардың сыртында сөзжасамдық *-ма* формантының қатысуымен етістік негізден қалыптасқан күрделі сын атаулары да бірталай. Олар негізінен қосарлану жолымен пайда болған, яғни қос сөз түрінде қалыптасқан. Ал тіркесе жасалғандары көп емес, сирек ұшырасады. *Мынадайға кез болдың Аума-төкпе заманда* (Абай). *Алба-жұлба ақша бұлттар жарысқан* (Мақатаев). *Құрама-сұрама жоқтауын сұңқылдатып қоя береді* (Аймауытов). *Екі ұрықты, періп кетпе мінезі болушы еді* (Сонда).

Лингвистикалық терминдер де жасайды: *жайылма* (сөйлем), *жанама* (пысықтауыш), *қыстырма* (сөз, сөйлем) т.б.

-*(ы)*нды//-(*і*)нді. Сөзжасамдық бұл форманттың құранды екені сырт тұрпатынан-ақ айқын аңғарылады, мысалы оны *~(ы)н+ды* түрінде мүшелеп көрсетуге болады. Түркологтар мұндағы *~(ы)н* бөлігін ырықсыз етіс көрсеткіші деп қарайды. Ол түркі тілдерінің жалпы қай-қайсысында да өзінің сөзжасамдық қабілеті жағынан әуелден-ақ сын атауы жұрнағы болып табылады.

Бұл күрделі жұрнақтар етістіктерге жалғанып, белгілі бір іс-әрекеттің нәтижесінен туған сындық ұғымның атауын білдіреді. Мысалы: *асыранды, серпінді, туынды, жаттанды, ағынды, шұбырынды, жасырынды* т.б. *Оның тапсырынды сәлемі жоқ* (Әуезов). *Іркінді суда тоңазыған шыбындар жүзеді* (Аймауытов). *Көрұғылының асыранды құлысың* (Көрұғлы). *Қара жол ма дегенім Шұбырынды із болды-ай* (Ағаш аяқ). *Енді біреу асықты жсіліктің ойынды етін шеңгелдеп...* (Аймауытов). *Ақтардың шашыранды отрядтарын көріп...* (Сонда). *Жырынды жеңгелері үйреткен* (Сонда). *Сырқынды Жетпісбай қарсы ақыра қоя берді* (Әуезов).

Тілімізде бұл форма арқылы жасалған етістік негізді сын атауларының қайсыбірі кейін келе субстантивтене, заттана бастаған. Мысалы, *қырынды* (шектің қырындысы), *салынды*: *Қара суды салынды басып кеткен* (Сейдімбеков). Қазақ тілінде мұндай құрылымды байырғы сын атауларының өздерінің осы байырғылығын сақтай отырып, бұлай субстантивтену жолымен өзге сөз табына айналуы, мысалы заттық мән алуы өте сирек байқалады. Мұндай үрдіс, яғни сындық мағына білдіретін туылымдардың терминдену,

заттық мән алу процесі жалпы беріде, әсіресе кеңес дәуірінде кең өріс ала бастады. Мысалы *ертінді, тігінді* (подшивка), *шөгінді, жаратынды* (создание), *көбейтінді, қосынды, құранды* (составной), *көрсетінді, қорытынды, тапсырынды*, осылар сияқты тағы біраз жасалымдардың лингвистикалық табиғатын дәл осылай түсіндіруге болады.

Тілімізде осы *-(ы)нды* жұрнағының қатысуымен жасалған бірлі-жарым фразеологизмдік сипаттағы күрделі сын атауы да кездеседі, мысалы мына сияқты: ***Саба түбі сарқынды жасым қалғанда...*** (Сейдімбеков).

-(ы)мды//-(і)мді. Сөзжасамдық *-(ы)нды* жұрнағы сияқты, бұл формант та тілімізде құранды саналады. Етістіктерге жалғанып, өзі қосылатын сөздің мағынасына байланысты қатыстық сын есім жасайды. Қазақ тілінде ол арқылы жасалған сындық мағына білдіретін сөздер: *жартымды, болымды, жағымды, ұтымды, ұнамды, орамды, үйлесімді, тартымды, қонымды, шыдамды, ұстамды, жарасымды.* Баянда ***жартымды жұмыс табылмады*** (Аймауытов). ***Қазақ тілінде үнемі болымды тұлғада қолданылатын сөздер бар*** (Байтұрсынұлы). ***Ұстамды азаның ой деңгейіне іштей ырза боп отырмын*** (Тәжібаев). Бұл жұрнақ жалғанған жоғарыда берілген қатыстық сын есімдер сапалық сын есімдердің шырай категориясының қосымшаларымен түрлене алады. Мысалы: *ұтымдырақ-ұтымдылау, өте ұтымды, ең ұтымды; тартымдылау-тартымдырақ, өте тартымды* т.б. Сондықтан бұл сын есімдер әуел баста негіздеуші тұлға боп тұрған етістік сөздерге мағыналық байланысы бар қатыстық сын есімдер жасағанмен, заттың, нәрсенің сапасын, қасиетін, белгісін білдіретін сапалық сын есімдерге ұқсап кеткен.

-(ы)мды//-(і)мді форманытының терминжасамдық қызметі де бар. Мысалы, *болымды сөйлем, жағымды мағына, толымды сөйлем* т.б.

-ғы// -гі// -қы// -кі. Сөзжасамдық бұл формант түркі тілдерінде кейде *-ғық* тұлғасымен тектестіріледі, яғни: *-ғы>-ғық*. Ол түркі тілдерінің көбінде зат атауын да, сын атауын да жасайды. Бұл формант олардың кейбірінде зат атауын жасауға көбірек қатысса, басқа біреулерінде одан сын атаулары жиірек пайда болады. Ол өзінің осы әртарап сөзжасамдық қызметінде есім негізге де, етістік негізге де жалғанады.

-ғы// -гі қазақ тілінде де солай: зат атауын, сын атауын да жасайды. Бірақ мұнда оның соңғы топ жасалымдардан гөрі зат атауын жасайтын тұстары басымрақ. Солай бола тұрғанмен де тілімізде ол арқылы пайда болған сын атаулары да біраз бар.

1) Кейбір етістіктерге жалғанып, оларға сол сөздердің мағыналарына байланысты туған сындық белгінің атауларын жасайды. Мысалы: *бұралқы, оралғы, жинақы, күлдіргі, ойнақы.* ***Ойнақы көзі жалт етті*** (Аймауытов).

Көзінде үнемі *жинақы* от бар (Әуезов). *Бұралқы* ит, *бұралқы* сөз (күлгенге жақсы).

2) Мезгіл атауларына жалғанып, қатыстық сын есімдер жасайды: *кешегі, бүгінгі, ертеңгі, таңғы, жазғы, күзгі, көктемгі, қысқы, түнгі, кешкі. Таңғы самал жататын сүйіп мені (Мақатаев). Бесінге ауып барады түскі аспаным (Сонда). Жарқырайды түнгі ауылдың оттары (Сонда).*

3) Қазақ тілінде бұл *-ғы* форманты, Ахмет Байтұрсынұлының терминімен айтқанда, сөзжасамдық қатынасқа мұндай “атауыш сөздерден” гөрі “шылау сөздермен”, яғни қазір көмекші есім, үстеу, септеулік мәнінде сипатталатын сөздермен жиірек түседі.

Мысалы, мекенді, орынды білдіретін сөздерге жалғанып, қатыстық сын жасайды: *шеткі, жоғарғы, төменгі, ауызғы, төргі, ішкі, түпкі, артқы*, т.б. *Шеткі қыстаудың арт жағында...* (Аймауытов). *Жоғарғы ауылдан қыз-келіншектердің әні естіледі (Сонда). Төменгі қақпа ашылып, Төбеңнен құяр күн нұры (Тәжібаев).*

4) Шылау сөздерге жалғанып туынды сын есім жасайды. *Жап-жасыл боп көктеді, Соғыстың соңғы көктемі (Мақатаев). Ақындар құт қонған елорданың бүгінгі күнге дейінгі тарихы мен даму белестерін, жетістіктерін тілі жеткенше өлеңменен өрнектеп, халыққа жеткізеді (А.Есенжол).*

5) Үстеу сөздерге жалғанып туынды сын есім жасайды: *қыстайғы, жаздайғы, алғашқы, бұрынғы. Мысалы: Қартқожаның қыстайғы газеттен көргені расқа шықты (Аймауытов). Жылу қайда, күлу қайда жаздайғы (Қ.Мырзалиев).*

6) Сөзжасамдық бұл *-ғы* форманты кей-кейде сұрау есімдігіне де жалғанып, туынды сын атауын жасай алады. Мысалы: *Кейін әкем ел-жұртын басқарыпты, Қашанғы жарғақ бөркі тасталыпты (Мақатаев). Қайғылы көңілім қайдағы, Бұрынғымды жаңғыртар (Абай Құнанбайұлы).*

Тіліміздегі мұндай құрылымды туынды сын атаулары мүшеленімдік жағынан үнемі біркелкі болып келе бермейді. Олардың (сан жөнінен тым көп болмағанымен) белгілі бір бөлігі негіз және жұрнақ тұрғысынан жоғарыда талданған туынды сын атаулары тәрізді мүшеленбейді. Бұлардағы негіздеуші бөлік пен жұрнақ күнделікті тілдік тәжірибеде бір-бірінен ажырамай, тұтас күйінде қолданылады. Бірақ негіздеуші элементі мен сөзжасамдық элементі бір-бірінен ажырағысыз мұндай құрылымдар, жоғарыда айтқанымыздай, тілімізде онша көп емес. Кейбірі, мысалы мыналар: *қараңғы, ортаңғы, алдыңғы, кәдімгі. Қараңғы ойлар Қартқожаның басын кернеді (Аймауытов). Кәдімгі көпшіліктің ерлі-байлы тірлігі келді (Әуезов).* Бұл жүргізілген талдауға байланысты тағы мына бір тіл деректері көңіл аударады. Жоғарыдағы *кәдімгі* туылымының *кәдім* бөлігін кейбір көне әдебиет үлгілерінен кездесетін *қадім оқуы, қадім заман* тіркестерінің *қадім* (кадим)

сыңарымен салыстыруға болады. *Қараңғы* туынды сын атауын *қараңдайды* етістігімен тектестіруге, яғни бұл екі форманың екеуін де тілімізде *қараң* деген бір негізден қалыптасқан туылым деп қарауға болады.

Тілімізде *-ғы, -гі* жұрнағына ұқсас тарихи туынды сын есімдер де кездеседі: *тайқы, таңқы, қайқы*. Мысалы, *Бізді оқытуға таңқы мұрт, жылтыр қара қожаны ұстап...* (Аймауытов). *Қайқы төс келіншектің жасыл көйлегі...* (Сонда). *Қазанбастау, тайқы маңдайлау, тырбықтау жаралған* (Мүсірепов). Бұл сөздер төменде сөз болатын *-ыңқы/іңкі, -ңқы, -ңкі* жұрнақтарымен да тарихи сабақтас болуы мүмкін.

-ыңқы, -іңкі жұрнақтары етістіктерге жалғанып, сол сөздердің лексикалық мағыналарымен байланысты туынды сын есімдер жасайды: *жатыңқы, шығыңқы, салбыраңқы, көтеріңкі, басыңқы, қамығыңқы, шашыраңқы, кебіңкі, бытыраңқы*. Мысалы, *Жылайды да тұрады жылаңқы бұлт* (Мақатаев). *Сопақтау жүзінің шықшыт сүйегі шығыңқы* (Кекілбаев). *Ондайды көтеріңкі көңіл, көңілді көтерердей ой жеңеді* (Мүсірепов).

-ық//ік//ақ, -ек, -қ, -к форманттары:

1) Өзі жалғанған салт және сабақты етістіктің лексикалық мағынасына тікелей байланысты түрлі сындық ұғымдардың атауларын жасайды. Мысалы: *ашық, тұнық, суық, толық, жабық, бұзық, қанық, қашық, жасық, шірік, ілік, жатық, бітік, құрғақ, ширақ, озық, дөңгелек* т.б.

2) Еліктеу сөздерге жалғанып, олардан әрқилы қатыстық сын есімдер тудырады. Мысалы, *еңкек, жалтақ, адырақ, бұрқақ*.

Сөзжасамдық бұл формант түркологияда жалпы *-ғақ//гек* жұрнағымен генетикалық байланыста қаралады. Сондай-ақ *-ық//ік* пен *-ақ* тұлғалары мағынасы жөнінен де, құрылымы жағынан да бір-бірінен қазір ажыраған, яғни әрқайсысы өзіне бөлек даралық сипат алып дербестенген жұрнақ деген де пікір айтылады. Ал қазақ тіліне қатысты бұлай деуге, дәл сондай пікір айтуға, бізше болмайды. Болмайтыны - бұл *-ық//ік* және *-ақ* жұрнақтарының арасында ондай дербестік барын, яғни олардың бір-бірінен әрі мағыналық, әрі құрылымдық жақтан болған “ажырау”, “айрылу” процесін көрсететіндей тілдік дерек байқалмайды. Мысалы, тілімізде әдетте сындық мәнде жұмсалатын *жалақ, салақ, қорқақ, қашақ және озық, арық, толық, сасық, түрік (ерін), есірік, жетік, жатық, жарық* сияқты жасалымдар семантикасы мен құрылымы жөнінен бір-бірінен еш ерекшеленбейді. Келтірілген бұл етістік негізді туынды сын атауларының кейбірінің мәтіндік қолданысы мысалы мынадай. *Есірік жастар ол мұң-зарға құлақ қоймайды* (Аймауытов). *Төлеген сыпайы, жатық жігіт* (Сонда). *Мүйізгекті сиыр қашақ* болады (Аймақтық сөздік).

-сақ//сек, -шақ//шек. Сөзжасамдық *-шақ//шек (-сақ//сек)* форманты қазақ тілінде дәйім адамға байланысты (кейде малға қатысты да)

қолданылады. Оның әлдебір әрекетке бейім тұратын, қасиетін, өзіндік бір дара белгісін білдіреді. Ол өзінің бұл мағынасында әдетте есім негізге де (*мал+сақ, жарам+сақ, сатым+сақ, үйір+сек, келім+сек, көңіл+шек т.б.*), сондай-ақ, етістік негізге де (*аян+шақ, ұял+шақ, мақтан+шақ, қызған+шақ, ашулан+шақ, ұрын+шақ, ерін+шек, сүрін+шек, тартын+шақ, итін+шек, түртін+шек, сұран+шақ, жасқаншақ*) жалғанып келе береді. *Бұрынғы кейбір надан ақынды, сатымсақ сөзді, мансап мәзді шенепті баласы* (Әуезов). *Өнерге құлағы түрік, елгезек, ілім-ғылымға үйірсек болып шықты* (Нұржекеев). *Желпілдеп қос тұлымшақ, Өзі де бір ұрыншақ. Желіден қашып ойнаған Желкілдеген құлыншақ* (Кекілбаев).

-шаң//-шең. Сөзжасамдық бұл форманттың түркі тілдерінде *-чан, -чән, -чен, -шан, -жаң, -жан, -жен* тәрізді дыбыстық варианттары бар. Бұларды біраз түркологтар қытай тілінде “шебер (мастер)” мағынасын білдіретін *чан* сөзімен тектестіреді, енді бір зерттеушілер түркі тілдеріндегі оның мағынасының қытай тіліндегі *чан* лексемасымен шынында сәйкес келетінін атай келіп, бұл мәселені тарихи-лингвистикалық бай деректер негізінде әлі де жете анықтай түсу қажеттігін айтады. Бұл жұрнақтың жоғарыда көрсетілген дыбыстық варианттарының ішіндегі ең көнесі *-чаң* тұлғасы. Ол және ілгеріде талданған *-чаг//-шақ* аффиксінің бір түрі ретінде сипатталады. Бұл жерде қазақ тілінің батыс говорында *-г* дауыссызының *-ң* дыбысына ауысатыны көңіл аударады. Қазақ тілінде *-шаң//-шең* жұрнағы туынды сын атауын үнемі есім негізге жалғанып барып жасайды. Сірә, содан да болу керек, мұндай құрылымды жасалымдар жалпы көп емес, санаулы деуге болады. Мысалы олар мыналар: *бойшаң, сөзшең, тершең, ашушаң*. Бәрі де және адамға, оның өзіндік жеке қасиетіне байланысты болып келеді.

1) Адамның дене пішінін сипаттайтын сын есімдер жасайды: *бойшаң; Бойшаң екен дейін десем, мойны жатаған арбаның арқалығынан асып жарымайды* (Кекілбаев).

2) Сын есім тудырушы бейімділікті білдіретін *-ғыш, -гіш* және *-қор, -қой* жұрнақтарымен ұқсас адамның мінез-құлқын білдіретін сын есімдер жасайды: *ашушаң. Байгұс бала ашушаң* (Кекілбаев).

3) Адамның қандай да бір физикалық күйге бейімділігін білдіретін сын есімдер жасайды: *тершең; Ыстық жақтың аты тершең келеді де, шапқанда көп тер ағызады* (Б.Қайратұлы).

4) Адамның белгілі бір іс-әрекетке бейімділігін, қасиетін білдіретін сын есімдер жасайды: *сөзшең. Сөзшең мейман иығын қиқаңдатты* (Кекілбаев).

-ы //-і. Сөзжасамдық бұл жұрнақ қазақ тілінде жалпы өнімді саналады. Ол барлық уақытта тек есім негізге жалғанады. Мұндай құрылымды сын атауларының бір бөлігі өздері атрибуттық қатынасқа түсетін заттың (нәрсенің) тектік сипатымен байланысты болып келеді, яғни қай халыққа

тиісті екенін білдіреді. *Биыл Еснейдің қасқыр алатын арабы иттерін баптап жүр* (Мүсірепов). *Базардың қазақы сөзге шеберлігі көрініп тұр* (Мағжан). *Алтайы құмнан қашқан түлкідейін...* (Халық әні). *Бұлғары садақ, Бұқар жай* (Қобыланды). *Ірі ақша былғары күмажнігіне сыйып кетті* (Аймауытов). Бұл келтірілген мысалдарда сөзжасамдық *-ы/-і* форманты үнемі ел атына, *араб, қазақ, болгар* деген этнонимдерге, тек бір-ақ жерде алтай топониміне жалғанған. Мұндай құрылымды туынды сын атаулары қатарына сондай-ақ *қазақы бөрік, қазақы етік, қазақы қой, қазақы жылқы, қазақы ер, қалмақы ер* тіркестеріндегі *қазақы, қалмақы* жасалымдарын да жатқызуға болады.

Сөзжасамдық бұл формант түркі тілдерінде жалпы өнімді саналады. Бірақ білдіретін мағыналары жағынан біркелкі емес. Мысалы, түрік, азербайжан, түрікмен тілдерінде ол арқылы жасалған туынды сын атаулары көбінесе түспен байланысты болып келеді. Олардың кейбірі мыналар: *бугдај+ы* ‘смуглый’, *гарабугдај+ы* ‘смуглый’, *кәрпич+и* ‘кирпичного цвета’, *күмүш +ү//gütis+и* ‘цвет серебра’, *бадымчан+ы* ‘цвета баклажан’, *занбағ+ы* ‘лиловый’, *шабалыд+ы* ‘каштановый (о цвете)’, *kürsun+i* ‘свинцового цвета’, *kuzgun+i* ‘цвета воронова крыла’, *kirmiz+i* ‘красный, алый, румяный’ (Э.В.Севортян). Қазақ тілінде, түбірімен бірге тұтас күйінде кірген соңғы *қырмызы* жасалымы болмаса, түспен байланысты мұндай құрылымды сындық туылымдар жалпы кездеспейді. Мысалы: *Ұлы менен қызына Қырмызы қытай* (жібек деген мағынада) *кигізген* (Базар жырау).

Қазақ тілінде есім негіз бен осы *-ы* жұрнағының өзара сөзжасамдық қатынасқа түсуі нәтижесінде қалыптасқан *бұйығы, қунақы, шардақы, құдайы* (көрші, қонақ) сияқты біраз сын атаулары әдетте адамға қатысты ғана айтылады, мысалы: *Бұрынғы бұйығы, ұялшақ Акбілектің ізі де жоқ* (Аймауытов). *Қутыңдаған қунақы зиялы жігіт кіріп келді* (Сонда). *Шардақы денелі, таңқы мұрын қазақ тілмашы бар* (Әуезов). Ал бұлардан өзге, сын мәніндегі *тартпақы* (мінез) тәрізді кейбір жаңа жасалымдар жеке бір жазушының тек өзіндік стиль ерекшелігіне ғана қатысты, яғни окказионалдық (контекстік) сипатта болып келеді. *Мағаш пен Дәрмен бірталай желігі әңгіме еспелеп...* (Әуезов). *Қарғы бауына жүз құры ат берем* (Сонда). Бұл мысалдардағы *желігі, құры* туылымдарын негіздеуші мүшелер: *желік* және *құр* бөліктері. Сөзжасамдық бұл *-ы* формантына байланысты соңғы бір көңіл аударатын нәрсе, ол тілімізде кейде сырт тұрпаты едәуір қазақыланған есім негізді орыс сөзіне жалғанып та туынды сын атауын жасайтын сияқты. *Аттың құйрығын көтеріп көру де сондай бөстегі жұмыстың бірі ме* (Аймауытов). Біздің ойымызша, бұл мысалдағы *бөстегі* туылымын мына түрде мүшелеп көрсеткен дұрыс деп ойлаймыз: *бөстегі < бөстек (<пустяк)+і*.

-ғын// -гін// -қын// -кін. Сөзжасамдық бұл формантты көпшілік зерттеушілер есімшенің *-ған* формасына апарып тірейді. Қазақ тілінде ол арқылы қалыптасқан туынды сын атаулары онша көп емес: *тұрғын, жойқын, озғын*, т.б. Сондықтан бұл жұрнақ өзге біраз түркі тілдеріндегі сияқты өзінің бұл қызметінде өнімсіз саналады. *Әбді ең шеткі озғын орақшының алдына тұрып алды* (Әуезов). *Тұрғын жайлар әуелі үйлі-баранды адамдарға берілген* (Ғабдуллин). Бұл жұрнақ етістік негізге жалғанып күрделі сын атауын жасауға да қатысады.

-аған// -еген. Кейбір зерттеушілер сөзжасамдық бұл форманы өзінің негізгі мағынасында жоғарыда талданған *-ғын, -гін* тұлғаларымен жақындастырады. Соған сүйеніп оларды ортақ текті деп топшылайды. Жоғарыда қарастырылған туынды сын атаулары сияқты: *-аған// -еген* формалы жаңа сын мәнді жасалымдардың білдіретін мағынасы оларды негіздеуші етістіктің семантикасына байланысты болады, содан дамып шығады. Бұл жерде бір көңіл аударатын нәрсе: жоғарыдағы *-ғын// -гін, -қын// -кін* жұрнағы зат атауын да, сын атауын да жасаса, сөз етіп отырған сөзжасамдық бұл формант қазақ тілінде тек сын атауын ғана түзе алады. Бұл құрылымды туынды сын атаулары тілімізде жоғарыдағы *-ғын* жұрнағы арқылы қалыптасқан сын мәнді жасалымдарға қарағанда едәуір, яғни сөзжасамдық бұл *-аған// -еген* форманты негізінен өнімді саналады. Ондай құрылымды сын атауларының кейбірі мыналар: *тебеген, қабаған, сүзеген, көреген, қашаған, береген, алаған. Өрік береген кісі болып алды* (Аймауытов). *Ара-арасында қабаған қаншықтар шәуілдейді* (Сонда). *Шал сүзеген өгіз болып, жалғыз көзін алайтады* (Мүсірепов).

-аған// -еген кейбір салт және сабақты етістіктерге жалғанып, олардың мазмұнына сәйкес белгілі бір әрекетке бейімділікті білдіретін туынды сын есімдер жасайды. Адамның, малдың қасиетіне, мінезіне, қылығына қатысты ұғым тудырады. Жоғарыдағы мысалдарда *береген* сөзі жомарт адамның, *қабаған* өршіл иттің, *сүзеген* мінезі жаман малдың (мына мысалда ауыспалы мағынада адамды сипаттап тұр) қасиетін білдіріп тұр.

Қазіргі түркі тілдеріндегі сөзжасамдық бұл *-аған// -еген* формантының осы қолданымдық ерекшелігіне кезінде Махмұд Қашқари да көңіл аударған көрінеді. Ғалым бұл форманттың әрекеттің көп қайталанымдығын, ұзақтығын білдіретінін атай келіп, мынадай мысал келтіреді: *oi er ol ewge boragan* ‘тот человек, он часто идущий домой’. Кейбір зерттеушілер *-аған* жұрнағын етістіктің жиілетпе-қарқынды (“учащательно-интенсивная”) формасы деп санайды және оны қарқындылықты білдіретін *-а* көрсеткіші мен есімшенің *-ған* формасының біріккен түрі деп таниды.

-ғыр// -гір. Бұл сөзжасамдық формант түркі тілдерінде жалпы өнімсіз саналады. Қазақ тілінде де солай. Тілімізде ол арқылы етістік негізден

қалыптасқан сын атаулары көп емес. Мұндай құрылымды жасалымдар әдетте субъектінің белгілі бір қимыл-әрекетке деген өзіндік бейім-қабілетін білдіреді, мысалы: *алғыр, білгір, өткір, ұшқыр, ұтқыр* т.б. **Ұшқыр** заманның *зырқырап өтіп бара жатқаны...* (Шәкәрім). **Қазақ тіліндегі -қыш, -кіш жұрнағымен мағыналас келеді. Алғыр, білгір, өткір, ұшқыр** дегендерді *алғыш, білгіш, өткіш, ұшқыш* деп те айтуға болады. Бірақ бұл сөздер қазақ тілінде алдыңғы сөздермен айтылып, қалыптасып кеткен.

-кер. Түркі тілдерінде сын атауын жасайтын өнімсіз жұрнақтар қатарына осы *-кер* формантын да жатқызуға болады. Бұл олардың біразына араб-иран тілдерінен, өзі жалғанған түбір негізбен бірге кірген. Қазақ тілінде оның *-гер* варианты да сақталған. Бірақ тек зат атаулары туылымдарында: *қаламгер, майдангер, тәлімгер, саудагер, жүлдегер* т.б. Ал сын мағыналы туылымдар жасауға осы *-кер* формантының бір өзі ғана қатысады. Бұл оның кірмелігімен байланысты ерекшелік. Бірақ тілімізде мұның өзінің қатысуымен қалыптасқан туынды сын атаулары бірен-саран-ақ: *Ол иттің өзі айлакер, жанкешті неме* (Аймауытов). *Осы күнде дәулескер домбырашы боп кетіпті* (Әуезов). *Мініскер жігіт шегінің тұқылын суырып жатыр* (Аймауытов). Соңғы мысалдағы *мініскер* туылымы “ылпың, епті, қағылез” мағынасын білдіреді. *Дәулескер (дауласкер)* жасалымы да осы іспетті мәнде, ‘шебер’ ұғымында қолданылған.

-қор жұрнағы *-кер* формантымен нұсқалас кеп, өзі жалғанған зат есімдерден белгілі бір әрекетке бүтіндей беріліп, соған машықтанғандықты білдіретін туынды сын есімдер жасайды. Мысалы: *жемқор, жалақор, айлақор, бейнетқор, еңбекқор, қамқор, мансапқор, ызақор, намысқор, шаруақор, парақор, есепқор* т.б. **Парақорлық пен жемқорлықты қорлық санаған** (М.Байғұт).

Бұл қосымша жалғанып жасалған сөздер:

1) Белгілі бір жағымсыз қасиетті сипаттайды: *жемқор, жалақор, мансапқор, парақор, есепқор* т.б.

2) Қандай да бір іске машықтанғандықты білдіреді: *бейнетқор, еңбекқор, шаруақор* т.б.

3) Белгілі бір мінез-құлықты сипаттайды: *ызақор, намысқор, айлақор* т.б.

-ғыш// -гіш. Сөзжасамдық бұл формант – қазақ тіліндегі ең өнімді жұрнақтардың бірі. Ол өзінің осы қызметінде үнемі етістік негізге жалғанады. Сын мағыналы мұндай құрылымды туылымдар *-ғыр// -гір* тұлғалы жасалымдармен мәндес болып келеді: субъектінің белгілі бір қимыл-әрекетке байланысты бейім-қабілетін білдіреді. Өзге түркі тілдеріндегі сияқты, тілімізде *-ғыш// -гіш* жұрнағы арқылы етістік негізден қалыптасқан сын атаулары жиі ұшырасады: *білгіш, оңғыш, сезгіш, күлдіргіш, тапқыш, сенгіш,*

болжағыш, сөйлегіш, ренжігіш, байқағыш, ашуланғыш, көргіш т.б. Кейбірі олардың мыналар: **Шапқыш** ой зой ақылдың мағынасы (Шәкәрім). *Дүниеде адамнан көңгіш мақұлық бар дейсіз бе* (Аймауытов).

-ғыш// -гіш жұрнағы жалғанған сөздер көбінесе адамның қабілет-қасиетін, мінез-құлқын т.б. білдіру үшін қолданылады.

-ғыш// -гіш жұрнағы сонымен қатар түс атауларына жалғанып, сынның дәрежесін де білдіреді. Мысалы, *қызғыш, сарғыш*. Алайда түс атауларына жалғанғанда бұл қосымша жаңа мағыналы сөз тудырмайды, түске реңк қосады. Осы ретте бұл қосымшаны кейбір ғалымдар шырайға да қосқан. Бірақ бұл қосымша түс атауларының бәріне жалғанбайды, талғап жалғанады. Осы ретте ғалымдардың бір тобы талғап жалғану шартына сәйкес сөзжасам қосымшасына жатқызады.

-ғақ// -гек. Сөзжасамдық бұл формантты қазақ тілінде жалпы өнімді жұрнақтар қатарына жатқызуға болады. Ол туынды сын атауын етістік негізге жалғанып қана жасай алады. Мұндай сын мәнді туылым әдетте субъектінің белгілі бір әрекетке бейім қалпын білдіреді. *Кәріп көңлі бір сынғақ пияла-ды* (Көпеев). Осындағы *сынғақ*, сондай-ақ, тіліміздегі *жабысқақ, ұрысқақ, тайғақ, тоңғақ, оңғақ, майысқақ, қатқақ* сияқты құрылымдар жатады. Бірақ “етістік+ғақ” құрылымды туынды сын атауларының бәрінің бірдей мағыналары дәл осы, “әлденеге бейімділік” сапамен байланысты болып келе бермейді. Мысалы, *қатқақ* туылымының ұғымы жоғарыдағы *сыңғақ, жабысқақ, ұрысқақ* дегендердегіден басқарак сияқты. *Асқақ* туынды сын есімі де солай. Бұл басқалық әсіресе *қоңқақ, қаңқақ* жасалымдарынан айқын аңғарылады (бірақ бұлардың алдыңғылардан тағы бір өзгелігі: негіздеуші, яғни түбір бөлігі мен жұрнағы бір-бірінен ажырағысыздай болып кірігіп кеткен, осылай үнемі бір бүтін, тұтас күйінде қолданылады). *Алды қаңқақ ерінің, арты жалпақ* (Шәкәрім). *Қоңқақ мұрнынан шып-шып тер шығып* (Аймауытов).

-ғақ// -гек форманты зат есім де тудырып, сын есім тудырушы *-ғақ// -гек* жұрнағына омоним болады. Алайда сын есім тудыру қабілеті басым.

-дас// -дес// -тас// -тес. Сөзжасамдық бұл формант якут тілінен басқа түркі тілдерінің бәрінде кездеседі. Бірақ өнімділігі жағынан біркелкі емес. Ал қазақ тілінде ол өнімді саналады. Өзінің сөзжасамдық қызметінде үнемі есім негізге жалғанып келіп отырады. Тілімізде есім негізден *-дас// -дес* жұрнағы арқылы қалыптасқан туынды сын атаулары көбінесе адамдарға байланысты атрибутивтік мәнде жұмсалады, яғни олардың өзара қатынасындағы әлдебір ортақтықты, ортақ сипатты білдіреді: *көңілдес (жігіттер), тілеулес (адамдар), әзілдес (құрбылар)* т.б. Ал бұл құрылымды сындық жасалымдардың адамнан өзге затпен атрибутивтік қатынаста қолданылуы

тілімізде жалпы сирек байқалады (мысалы, мына сияқты некен-саяқ жағдайда ғана болмаса): *Тіл дәлдігін бұзатын амәндес сөздер* (Байтұрсынов).

-дас//-дес//-тас//-тес форманты жалғанып жасалған сөздер білдіретін мағыналарын санамалап көрсетсек:

1) Абстракт зат есімдерге жалғанып, сол сөздер мағынасы аясында басқа адамдармен ортақ, бірлікте екендігін білдіреді. Мысалы: пікірлес, сырлас, ниеттес, тілеулес, көңілдес т.б.

2) Адамзат, жан-жануарлардың төркін-тегімен байланысты зат есімдерге жалғанып, олардың тұқым-туысы бір екендігін білдіреді. Мысалы: туыстас, аталас, тумалас, бауырлас, қарындас, тектес, т.б. Бұл мысалдардағы кейбір сөздер кейін келе субстантивтеніп, зат атауына көшіп кеткен, мысалы: *қарындас*. Ал *туыс*, *бауыр* сөздері *-лас* жұрнағынсыз да осы ұғымды білдіре береді.

3) Мекен атауларына жалғанып, сол орын, жай, қоныс астастығын, ортақтығын, жақындығын білдіреді. Мысалы: *ауылдас*, *жерлес*, *елдес*, *қоныстас*, *көршілес*, *іргелес*, *жапсарлас*, *ұялас*, т.б.

4) Кейбір зат есімдерге жалғанып, олардың лексикалық мағыналарына қарай, түрлі қарым-қатынас, мерзім-мөлшер жағынан сыбайлас, ортақтас келетін сындық мағынаны білдіреді. Мысалы: *жолдас*, *замандас*, *сабақтас*, *кластас*, *сыныптас*, *кәсіптес*, *қызметтес*, *әріптес*, *дәмдес*, *өкшелес*, *үзеңгілес*, *серіктес*, *істес*, *қатарлас* т.б. Бұл сөздер о баста осы *-дас//-дес//-тас//-тес* жұрнағы үстейтін сындық мағынаны білдіргенмен, қазіргі кезде кейбірі толық заттанған (*жолдас*), ал кейбірі жартылай заттанып, контекске қарай әрі заттық, әрі сындық мәнде функцияларын өзгерте береді.

-(ы)мыр//-(і)мір жұрнағы. Сөзжасамдық бұл формант түркі тілдерінің кейбірінде ғана кездеседі. Солардың қатарында, мысалы, қазақ тілінде. Ол мұнда тек сын атауын жасайды. Ілгеріде қарастырылған көпшілік туынды сын атауларынан мұның басты айырмашылығы: тілімізде тек адамға ғана қатысты сапалық белгіні білдіреді. Бұл қызметінде және үнемі етістік негізге жалғанады. Оның тағы бір көңіл аударатын жері: *-(ы)мыр//-(і)мір* формасын қазақ тіліндегі жалпы өнімді жұрнақтар қатарына жатқызуға болады. Бұл құрылымды, тілімізде ол арқылы етістік негізден қалыптасқан туынды сын атауларының кейбірі, мысалы, мыналар: *Білімділердің*, *ғалымдардың пән мазмұнды сөйлегені білімір шешен сөзі деп аталады* (Байтұрсынов). *Шекер құймыр отты көзі тұрғанда аштан өлмесін деуші еді* (Аймауытов). *Айзада сұлудың құймыр қылығы керемет болды-ау* (Алшынбаев). *Қыс еді, қытымыр шал, сойқан мінез* (Мақатаев). Бұл құрылымды сын мағыналы жасалымдарға, сондай-ақ, *қазымыр*, *жұлымыр* сияқты тағы біраз туылымдарды жатқызуға болады.

-тал. Сөзжасамдық бұл жұрнақтың қазақ тілінде бұдан өзге дыбыстық варианты кездеспейді. Ол тілімізде жалпы өнімсіз саналады. Бар болғаны *өсім, сезім, жағым, ұрым, ұғым* іспеттес бес-алтыдай ғана есім негізге жалғанады. Тілімізде осы құрылымда қалыптасқан туынды сын атауларының мағынасы мен негіздеуші түбірлердің семантикасы арасындағы жалғастық айқын аңғарылады, яғни алдыңғы соңғының әрі қарайғы дамыған формасы болып табылады. *Дүмше молданың балдыр-батпағы ұғымтал баланың көңілін дауалатпайды* (БҒЖ). *Рахымбай - жағымтал жорға болыс* (Әуезов). *Аймақтың ұрымтал жерін іздеп, із бағасың* (Мақатаев).

-(а) уық//-(е) уік жұрнағы етістік негіздеріне жалғанып, белгілі бір іс-әрекетке бейімділікті білдіретін туынды сын есімдер жасайды. Мысалы: *бақырауық, жылауық, шырылдауық, қалтырауық т.б. Бақырауық келер ақ серке, Бауыздалар шағы таянса* (Е.Төлеубай). *Жылауық көз, сылбыр күз* (Жансүгіров). Бұл жұрнақ жалғанған сөзіне белгілі бір дағдыға айналдырған әрекетті орындайтын адамды сипаттайды. Мысалы: *жылауық – жылай беретін, жылағыш; шырылдауық – шырылдай беретін; бақырауық – бақыра беретін, бақырғыш.*

-ғалақ//қалақ жұрнағы кейбір етістіктерге жалғанып, сол етістік сөздердің лексикалық мағынасына сәйкес белгілі бір әрекетке бой ұрушылықты білдіретін сындық ұғымның атауын жасайды. Мысалы: *ұшқалақ, жаңғалақ, сасқалақ, қозғалақ, т.б. Ұшқалақ, алаңғасар балалық мінезбен қайта табысты* (Кекілбаев). *Хан енді мынау жаңғалақ еліні көруге асықты* (Кекілбаев). *Ол бір қорқақ та сасқалақ адам* (Мүсірепов). Мысалдардан көріп отырғанымыздай, бұл жұрнақ жалғанған сөздер көбінесе адам бойындағы жағымсыз қасиетті сипаттайды.

-алақ//елек форманты жоғарыдағы *-ғалақ, -гелек* жұрнағына ұқсас. Алайда ерекшелігі сол – негізінен еліктеуіш сөздерге жалғанып, олардан бейнелеу ұғымына қатысты туынды сын есімдер жасайды. Мысалы: *еңкелек, қаңғалақ, бұлталақ, шығалақ, жалталақ т.б. Ұшатын нәрсе қаңғалақ, өсетін шыбық солқылдақ келетіні тегін зой деп пе ең?* (Кекілбаев). Бұл жұрнақ арқылы жасалған сөздер көп емес және сирек қолданылады. Сондықтан өнімсіз қосымшаға жатқызамыз.

-анақ, -енек жұрнағы өте өнімсіз қосымшаға болып табылады. Бұл формант арқылы жасалаған бірер сөз ғана бар. Олар: *сұғанақ, шұқанақ, шығанақ т.б. Не де болса сұқнас жерге сұғылған сұғанақ тұмсықтық ақыр түбіне көретіні сірә белгілі: тас қапас, қыл тұзақ, айбалта* (Кекілбаев). *Шығанақ* сөзі қазіргі кезде толық заттанып, географиялық атауға айналып кеткен.

-ғылықты// -гілікті құранды қосымшасының жасалу моделі: -ғы+лық+ты. Бұл қосымша жалғанған сөзінің мағынасына байланысты туынды сын есімдер жасайды:

1) Кейбір салт және сабақты етістіктерге жалғанып, сол әрекеттер тән ұғымды сипаттайды: *жеткілікті, тұрғылықты, қызғылықты. Өзгелердей менің де бір басыма, Жеткілікті* секілді қуанышым (Оңғарсынова). *Жеке тұлғаның тұрғылықты жерінің мекенжайы* (Бұйрық). *Шайдың көркі қаймақ емес шынында, Шайдың көркі қызғылықты әңгіме* (Мырзалиев).

2) Мекен атауын білдіретін кейбір зат есімдерге жалғанып, сол мекенге тән деген сипат ұғымын білдіреді. Мысалы, *Сыртқы сараптама қаланың барлық жергілікті атқарушы органдарын қамтыды* (А.Қалжанов).

3) Сындық мәнді сөздерге жалғанып та, туынды сын есім жасайды. *Ғылым академиясы, Тіл білімі Сөздік бөлімінің тура ширек гасырлық тыңғылықты, бажайлы жұмысының нәтижесі* (Мағауин). Мұндай сөзжасамдық модельдегі туынды сын есімдер **-лікті** форманты жалғанып та жасалады. *Ескілікті жәтелі болатын* (Аймауытов).

-қой, -қөй, -ғой, -гөй жұрнағы кейбір зат есімдерге жалғанып, олардың нақты лексикалық ұғымдарына тікелей қатысы бар амал-әрекет пен мінез-құлықтардың сындық атаулары болатын туынды сын есімдер жасайды. Мысалы: *кәсіпқой, әзілқой, сәнқой, жанжалқой, жәдігөй, батагөй, ақылгөй, даңғой* т.б. *Сәнқой, даңғой, ойнасы, керім-кербез Қанша қызық болады өзіңізге?* (Құнанбайұлы). *Не керек осы адамға? Ақылгөй* кәрілік пе, бала шақ па (Мақатаев); *Орынсыз сөз сөйлемес, батагөй қарттай саналы* (Д.Бабатайұлы). *Жалғызым, не қылсаң да сақ болып жүр Жәдігөй боп жүрмесін антұрған шал* (Құнанбайұлы). Бұл жұрнақ жалғанып жасалған сөздер негіз болған зат есімнің лексикалық мағынасындағы ұғымдардың адам бойына берілгенін, көптігін, соған лайықты екендігін, кейде жағымсыз мәнде сол қасиетке бой ұрғандығын да (*даңғой, жәдігөй*) білдіреді.

-ын// -ін, -н жұрнағы кейбір көне негіздерден туынды сын есім жасайды: *ортан, бүтін, еркін, ұзын* т.б. Сондай-ақ етістіктерге жалғанып, сол әрекетке арналғандығын білдіретін сын есімдер тудырады. *Жегін атты ауыстырып. Жатын* орнымыз кәдімгі сәкі (Бәкенов).

-ыр// -ір жұрнағы жалғанған сөздерінің лексикалық мағынасына қатысты туынды сын есімдер жасайды. Қазіргі тіл тұрғысынан бұл жұрнақ жалғанып жасалған сын есімдер түбір мен қосымшаға бөлінбейтін сияқты болып көрінеді. Сондықтан тарихи түбірлер ретінде де қарауға болады. Сонымен қатар сапалық сын есімдер сияқты шырай тұлғаларымен де түрлене алады.

1) Түбірі анық не тарихи түбір етістіктерге жалғанып, туынды сын есімдер жасайды. Мысалы: *жұмыр, иір, обыр, қыңыр, тықыр, шымыр, былжыр. Жыламаған жалғыз ғана кебір жер* (Мұқатаев).

2) Кейбір еліктеу сөздерден де туынды сын есімдер жасайды. Мысалы: *жалтыр, жылтыр, сылбыр, былбыр* т.б. *Уайхай жылтыр түйме, жылы орын* (Аймауытов).

-дар жұрнағы зат есімдерге жалғанып, сол зат есімдердің лексикалық мағыналарына қатысты туынды сын есімдер жасайды. Мысалы: *қарыздар, хабардар, борыштар, діндар* т.б.

1) Белгілі бір жағдайға душар болғандықты не жағымды мәнде біреуден жақсылық көргендігін білдіреді: *қарыздар, борыштар*.

2) Белгілі бір ақпараттың, жаңалықтың жеткендігін білдіреді: *хабардар*.

3) Белгілі бір ағымға берілгендігін, мойынсұнғандығын білдіреді: *діндар адам, діндар дәуір, діндар өлеңдер* (Әуезов).

4) Белгілі бір кезенді, ғылыми ағымды да сипаттайтыны байқалады. Мысалы: *сындар дәуір, сындар әдебиет* (Байтұрсынов);

-мар жұрнағы жоғарыдағы **-дар** формантымен мәндес туынды сын есім сөздер тудырады. Фонетикалық варианты болуы да мүмкін. Мысалы: *ділмар адам, ділмар сөз*.

-паз, -мпаз, -ымпаз, -імпаз форманты етістік және зат есім түбірлеріне жалғанып, сол аталған ұғым, әрекетке икемі барлықты, бейімділікті білдіретін туынды сын есімдер жасайды. Мысалы: *өнерпаз, аспаз, ойыппаз, әсемпаз, сөйлемпаз, сезімпаз, жасампаз, шолымпаз, білімпаз, сұрампаз, алымпаз, жағымпаз* т.б. *Жиренше шолымпаз ойымен жаңағы сөз туралы бір болжау айтты* (Әуезов). Аталған сөздердің бәрі бірдей жиі қолданыла бермейді. Жиі қолданылатындары: *жағымпаз, өнерпаз, аспаз*. *Аспаз* сөзі кейін келе толық заттанып, сөзжасамның лексика-семантикалық тәсілі арқылы зат атауына көшкен.

-ыс, -іс, -с жұрнағы кейбір етістіктерден сол түбірлердің лексикалық мағынасына қатысты туынды сын есімдер жасайды. Мысалы: *таныс, ұқсас, талас, жалғас, тіркес* т.б.

-дан// -ден//-менді жұрнағы арқылы жасалған сөздер тілімізде көп емес. Бұл жұрнақтың мағынасы сын есім тудырушы *-лы/лі* қосымшасына ұқсайды. **-менді** форманты арқылы жасалған қазіргі тілімізде қадірменді туынды сын есімі бар. Мысалы: *Күз біздің қадірменді жан ағамыз* (Мақатаев); Тарихи жырларда **-дан, -ден** формантымен де кездеседі. Мысалы: *Дулаттағы қадірден жекжатымыз* (Майлықожа); *қадырдан азамат*.

-и жұрнағы иран тілінен ауысқа кірме қосымша болып табылады. Зат есім түбірлеріне түбірін өзгертпей, кейде қысқара жалғанып, сол ұғымдарға

қатыстылықты білдіретін туынды сын есімдер жасайды. Мысалы: *рухани, мәдени, табиғи, тарихи, әдеби, саяси, әскери* т.б.

-мыс, (-мыш) жұрнағы сындық ұғым тудыратын туынды сын есімдер жасайды. Кейде есімшенің көне формасы сияқты кез келген етістікке жалғанып жұмсала береді, мұндайда негізінен ырықсыз етіске жалғанады: *айтылмыш, жазылмыш, жаралмыш*, т.б. Қазіргі кезде толық сынданған сөздердің бірі – *жасамыс (адам)*. Сонымен қатар субстантивтеніп, зат есім атауына айналғандары да бар: *жазмыш, болмыш (болмыш)*.

-ғысыз// -гісіз жұрнағы етістіктерге жалғанып, болымсыздық мағына үстейді. Мысалы, *Төзгісіз қылығыңды қырқып тастап* (Әуезов). *Ұлың сені жұмаққа бергісі жоқ, Жұмағың да тамұқ қой көргісіз от* (Мақатаев).

Фразеологизмдер де жасайды: *Адам төзгісіз, Көзге түртсе көргісіз*.

Сөйлеу барысында етістіктердің көпшілігіне жалғап, сөйлеу формаларын туғыза беруге болады.

Қазақ тілінде туынды сын атауын жасайтын бұл талданғандардан басқа, тағы біраз жұрнақ бар. Өнімсіз болғандықтан, кейбір жұрнақтарды атап көрсетпедік. Кейбір жұрнақтар тарихи туынды сын есімдер жасайды. Мұндай сын есімдердің түбірі анық көрінбей тұрады. Сондықтан көнеленген түбірлер деп аталады. Мысалы, **-ыл, -іл, -ал, -ел, -л:** *батыл, жеңіл, қызыл, жасыл, қатал* т.б.

